

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Астана" халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді перспективаға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 393 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Астана" халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді перспективаға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды орындауға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және ұйымдар:

1) жоспарды уақтылы орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) есепті жартыжылдықтан кейінгі жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есепті жартыжылдықтан кейінгі жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 наурыздан және 1 қыркүйектен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 30 мамырдағы  
№ 393 қаулысымен  
бекітілген

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ "АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ МЕН ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН БІРЛЕСКЕН ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ**

Мазмұны

Ескерту. Мазмұнына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530

қаулысымен.

1 Негізгі тұжырымдар

2 Негізгі баяндама

2.1 "Астана" халықаралық қаржы орталығын дамытудың пайымы (миссиясы) және бағыттары

2.2 АХҚО-ны дамытудың бастау көзі

2.3 Күтілетін нәтижелер

2.4 "Капитал нарықтарын дамыту" стратегиялық бағыты

2.4.1 Стратегиялық бағытқа шолу

2.4.2 Әлеует

2.5 "Активтерді басқару жөніндегі нарықты және сараптаманы дамыту" стратегиялық бағыты

2.5.1 Стратегиялық бағытқа шолу

2.5.2 Әлеует

2.6 "Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару нарығын дамыту – Private Banking" қосымша бағыты

2.6.1 Стратегиялық бағытқа шолу

2.6.2 Әлеует

2.7 "Исламдық қаржыландыру нарығын дамыту" қосымша бағыты

2.7.1 Стратегиялық бағытқа шолу

2.7.2 Әлеует

2.8 "Қолайлы іскерлік орта құру" қолдаушы бағыты

2.8.1 Қаржы орталығының арнайы мәртебесі

2.8.2 Құқықтық реттеу

2.8.3 Нарықтық және IT-инфрақұрылым

2.8.4 Адами капитал

2.8.5 Ішкі және сыртқы логистика

2.8.6 Қалалық және әлеуметтік инфрақұрылым

2.8.7 АХҚО-ны дамытудың басқа факторлары

3. АХҚО құру мен дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру

3.1 АХҚО құрылымы және оны басқару

3.2 Жобаны басқару офисін ұйымдастыру және Іс-қимыл жоспарының іске асырылуын бақылау

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.

**1 Негізгі тұжырымдар**

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530; 21.08.2019 № 613 қаулыларымен.

Мықты қаржы орталығын құру Қазақстан Республикасы экономикасының одан әрі өсуін және Орталық Азия өңірінде және Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) шеңберінде экономикалық және саяси қатысуды өсіруді қамтамасыз етудің негізгі талаптарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының орта мерзімді перспективада "Астана" халықаралық қаржы орталығын – Astana International Financial Centre (бұдан әрі – Орталық немесе АХҚО) қалыптастыру үшін пайдаланылуы мүмкін қажетті ішкі және сыртқы бәсекелесе алатын артықшылықтары (географиялық орналасуы, экономикалық және саяси тұрақтылық, қолайлы салық ахуалы, сыртқы басқару үшін қолжетімді мемлекеттік қорлар көлемінің көптігі, ЕАЭО-ның Қазақстанда бірыңғай қаржы реттеушісін қалыптастыру туралы шешімі) бар.

Орталық Азия өңірі және ЕАЭО үшін Қазақстанда мұндай Орталықты негізгі қаржы орталығы ретінде Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының көлеміне сәйкес келетін ең алдымен күшті жергілікті қаржы секторын және капитал нарықтарын құруға бағытталған ағымдағы міндеттердің шешілуіне қарай қалыптастыруға болады.

Орталықты қалыптастырудың негізгі бағыты – жергіліктіден халықаралыққа: Нұр-Сұлтан жергілікті инвесторлар мен эмитенттердің мүдделерін біріктіретін және отандық банк секторын толықтыратын (балама болатын) толыққанды жергілікті қаржы орталығына (мысалдар – Ыстамбұл, Әбу-Даби, Сан-Паулу) айналуға тиіс. Осындай негіз құрылғаннан кейін жергілікті орталық одан да ауқымды өңірдің қажеттілігі мен мүддесіне бағдарланған халықаралық орталыққа (мысалдар – Дубай, Сингапур, Гонконг) айналуға тиіс. АХҚО-ның жұмыс істеп, дамуы үшін Орталық Азия, Күнгей Кавказ республикасы, ЕАЭО елдері, Таяу Шығыс және Еуропа елдері нысаналы аудитория болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Астана" халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді перспективаға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын (бұдан әрі – Іс-қимыл жоспары) іске асырудың тікелей әсері 2025 жылға дейін жыл сайын көмірсутегін есептемегендегі жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 1 %-ға дейін өсімін (Дубай халықаралық қаржы орталығы (Dubai International Financial Centre, бұдан әрі – DIFC) құрылғаннан бері алғашқы 10 жылдағы Дубайдың нәтижесіне жақын нәтиже) немесе 2015 – 2025 жылдар кезеңінде шамамен 13,4 млрд. АҚШ доллары ЖІӨ-нің кумулятивтік абсолютті өсімін құрайды. АХҚО-дан болатын қосымша әсерге қазақстандық капитал нарығына шетелдік тікелей инвестициялардың әкелінуі, экономикалық тұрғыдан тиімді жаңа жобаларды іске асыру және еңбек өнімділігінің өсуі есебінен ЖІӨ-нің жыл сайын орташа алғанда 1 %-ға жылдам өсуі есебінен қол жеткізіледі. ЖІӨ-ге тікелей және тікелей емес әсер етуді, сондай-ақ Орталықтың өңірлік өктемдігін ескере отырып,

Орталықты құрудан болатын қорытынды жиынтық әсер 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде шамамен 40 млрд. АҚШ долларын құрауы мүмкін. Бұдан басқа, Орталықтың тұжырымдамасын іске асыру Нұр-Сұлтанда халықаралық деңгейдегі 2 мыңнан аса жоғары білікті жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

АХҚО-ны дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру мынадай екі стратегиялық бағытқа сүйенеді:

1. Капитал нарықтары. Өтімді қазақстандық капитал нарықтарын қалыптастыру қосымша шетелдік инвестицияларды тартып, ұлттық экономиканың өсуін жылдамдатады. Капитал нарығын дамыту банк жүйесіне маңызды балама болып, еліміз бен өңірдің бос ақша ресурстарын нарық ойыншылары мен ұлттық экономика қажеттілігінің мүддесі үшін жұмылдыруға мүмкіндік береді;

2. Активтерді басқару. Активтерді басқару саласындағы жергілікті нарықты және сараптаманы дамыту АХҚО аумағында жетекші халықаралық басқарушы компанияларды оқшауландыру үшін ұлттық қорлардың (ең алдымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының) қаражатын ықтимал пайдалану есебінен Қазақстанның капитал нарықтарын дамытудың іргесін қалай алады.

Нұр-Сұлтанды өңір үшін негізгі қаржы орталығы ретінде позициялауға мынадай екі қосымша стратегиялық бағытты іске асыру есебінен қол жеткізіледі:

3. Ауқатты жеке адамдардың әл-ауқатын басқару (private banking) қамтамасыз етілген жеке тұлғаларға (affluent segment) қызмет көрсету бөлігінде де, репатриацияланған қаражатты және көршілес мемлекеттердің дәулетті азаматтарының тарапынан тартылған қаражатты басқару саласында да "активтерді басқару" стратегиялық бағытымен бірлесіп дамиды;

4. Исламдық қаржыландыру дербес негізде дәстүрлі бөлшек банк қызметтеріне балама ретінде, сондай-ақ капиталдар нарығын дамытудың дербес бағыты ретінде дамуға тиіс. Бұл бағыттың дамуы арнайы нормативтік құқықтық реттеуді және исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес басқаруды талап етеді.

Қолайлы іскерлік ортаны құру жоғарыда көрсетілген барлық бағыттарды табысты іске асыруды қамтамасыз ететін АХҚО-ны дамытудың негізгі бағыты болып табылады және мынадай салалардан тұрады:

1) құқықтық реттеу: АХҚО құруға және жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ алдыңғы қатарлы қаржы орталықтарының стандарттарына және ағылшын заңының қағидаттарына негізделген, АХҚО іс жүргізгенде және сот ісін жүргізуде ағылшын тілін қолданып, АХҚО резиденттерінің заңды мүдделерін қорғау;

2) нарықтық және ақпараттық-телекоммуникациялық (бұдан әрі – IT) инфрақұрылым: нарыққа қатысушыларды тұрақты байланыс арналарымен, технологиялық тұрғыдан дамыған қаржы инфрақұрылымымен және жеке тұлғалар үшін сауда жүйелеріне онлайн-қолжетімділікпен қамтамасыз ету;

3) адами капитал: қаржы саласындағы ең үздік халықаралық мамандарды тарту мақсатында жоғары білікті кадрлардың еркін орын ауыстыруы үшін ұйымдастырушылық-құқықтық негіздер құру, сондай-ақ қаржы саласындағы жергілікті сараптаманы қалыптастыру үшін мамандандырылған білім беру бағдарламалары мен стандарттарын әзірлеу және енгізу;

4) ішкі және сыртқы логистика: АХҚО басқа қаржы орталықтарына және өңірлерге көлік қатынасын жоғарылату;

5) қалалық және әлеуметтік инфрақұрылым: халықаралық стандарттарға және жоғары білікті (оның ішінде шетелдік) мамандар мен олардың отбасылары өмірінің заманауи талаптарына сәйкес келетін әлеуметтік инфрақұрылымды (балабақшалар, мектептер, ауруханалар және тағы басқа) салу, сондай-ақ қалалық демалыс аймағын және туристік инфрақұрылымды (демалыс базалары, спорттық-ойын-сауық инфрақұрылымы объектілері, сауда орталықтары және тағы басқа) жаңғырту.

Мемлекеттік маңызы бар басым жоба ретінде АХҚО-ны дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асырудың табыстылығы негізгі мүдделі тараптар – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҰБ) іс-қимылдарының үйлестірілуіне тікелей байланысты. Мемлекеттік биліктің көрсетілген органдары Іс-қимыл жоспарын іске асыру процесіне толық жұмылуға және оның дамуына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс.

Жазылғандардың негізінде АХҚО-ны құру және дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру институттар мен процестердің кең аясының трансформациялану процесін көздейді. Мұндай трансформацияның (эволюциялық процеспен салыстырғанда) іс-қимыл жоспарында берілген бастамаларға жан-жақты мемлекеттік қолдау болған жағдайда, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылаудың нақты тетігі болған жағдайда ғана болуы мүмкін. АХҚО-ны құру мен дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын табысты іске асырудың маңызды факторы төменде көрсетілген іс-қимылды кешенді түрде, іріктемей, жеке-жеке алмай, іс-шаралар жоспарының бүкіл аясы бойынша енгізу болып табылады.

## **2. Негізгі баяндама**

### **2.1 "Астана" халықаралық қаржы орталығын дамытудың пайымы (миссиясы) және бағыттары**

**Ескерту. 2.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530; 21.08.2019 № 613 қаулыларымен.**

Ағымдағы және ішкі экономикалық ахуалды негізге ала отырып, үш негізгі элементтен тұратын АХҚО пайымы (миссиясы) әзірленді:

1) Орталық Азия, Күнгей Кавказ және ЕАЭО республикалары, Таяу Шығыс және Еуропа елдері үшін негізгі қаржы орталығы ретінде қалыптасуы: ұлттық экономикаға, сондай-ақ көршілес мемлекеттердің экономикасына АХҚО-ның аумағында орналасқан өтімді капитал нарықтарын пайдалана отырып, отандық, өңірлік және халықаралық инвестициялар тарту үшін қолайлы ішкі және сыртқы жағдайларды пайдалану қажет;

2) активтерді басқару (оның ішінде ауқатты адамдардың әл-ауқатын басқару – private banking) және исламдық қаржыландыру саласында қаржылық мамандандуды және терең өңірлік сараптаманы қалыптастыру;

3) Нұр-Сұлтан қаласында тұрақты жұмыс істеп, тұруы үшін қаржы саласындағы біліктілігі жоғары мамандарды, сондай-ақ қосалқы қызметтер үшін қызметкерлерді тарту.

АХҚО – АХҚО-ның қатысушылары мен мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейтін, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын дамытуға бағытталған ерекше құқықтық режим.

Дамудың бастапқы кезеңінде АХҚО мынадай негізгі екі стратегиялық бағыт – капитал нарығы және активтерді басқару шеңберінде дамиды:

1) қазақстандық капитал нарықтарын дамыту стратегиялық бағыт болып табылады, оны табысты іске асыру АХҚО үшін маңызды болып табылады. Қолдау Қазақстанның капитал нарықтарында өтімділікті ұлғайту арқылы, сондай-ақ Қазақстанның капитал нарықтарында ұсынысты (мемлекеттік бағалы қағаздар шығару) және сұранысты (жергілікті, оқшауландырылған және халықаралық басқарушы компаниялар, активтерді басқарудың бөлшек сегментін Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі жүйелік шаралар өткізу арқылы дамыту) ынталандыру жөніндегі жүйелік шаралар есебінен жүзеге асырылады;

2) нарықты және активтерді басқару саласындағы жергілікті сараптаманы дамыту да Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорларында шоғырландырылған қомақты активтер базасының болуына байланысты АХҚО үшін маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Көрсетілген активтер орта мерзімді перспективада активтерді басқару саласындағы жергілікті ойыншыларды ішкі сараптаудың өсу катализаторлары ретінде болатын жетекші халықаралық басқарушы компаниялардың ағынын және оқшауландыруды ынталандыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Осы стратегиялық бағытты дамытудың Қазақстан Республикасының жергілікті капитал нарықтарын дамытуға тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Бірінші кезекте, Қазақстан нарықтарындағы инвестициялық тұрғыдан тартымды активтер санының ұлғаюынан, сондай-ақ Қазақстан нарықтарындағы айналымның және өтімділіктің еселеніп өсуі есебінен.

Екі қосымша стратегиялық бағыттың АХҚО-ны дамытуды қолдау үшін жоғары әлеуеті бар (жоғарыда көрсетілген негізгі стратегиялық бағыттармен салыстырғанда экономикалық тиімділігінің аз болуына қарамастан):

1) ауқатты жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару (бұдан әрі – private banking) активтерді басқару бойынша отандық және халықаралық нарықтардың негізгі бағыттарының бірі ретінде дамиды. Осы бағыттың өсуіне private banking-ті оқшауландыру сыртқы басқарушы компаниялар тарапынан қосымша бизнес-тауаша ретінде пайдалану есебінен қол жеткізіледі;

2) Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру нарығын құру сұранысты ынталандыру есебінен (мемлекеттің және/немесе ұлттық компаниялардың және/немесе жеке компаниялардың маркетингтік талдауды ұсынуға және исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін банк өнімдерінің танымалдылығын арттыруға бағытталған халықаралық маркетингтік агенттікті жалдау мүмкіндігін қарау), сондай-ақ тиісті ұсынысты қалыптастыру есебінен (мемлекеттік сукуктарды шығару, исламдық қаржыландыруға мамандандырылған халықаралық банктерді тарту және оқшауландыру, отандық банктерді исламдық қаржыландыру саласындағы өнімдерді шығаруға ынталандыру) іске асырылатын болады.

Іс-қимыл жоспарын және АХҚО-ның пайымын іске асыру төрт кезеңде іске асырылады.

1-ші кезең – жергілікті сараптау орталығы: қаржы орталығының жұмыс істеуінің халықаралық түрде танылған стандарттарын қалыптастыру және отандық ойыншылардың жергілікті капитал нарықтарына сенімін қалпына келтіру;

2-ші кезең – жергілікті қаржылық делдалдық нарығы: инвестициялық тұрғыдан тартымды ішкі активтерді жергілікті орналастыруды ынталандыру, капиталды қазақстандық нарық арқылы тартуды ынталандыру, сондай-ақ қазақстандық капитал нарықтарындағы өтімділікті тарту және қолдау есебінен өңірлік және халықаралық қаржы құрылымдары тарапынан АХҚО-ға қызығушылық тудыру;

3-ші кезең – жергілікті қаржы орталығы: қаржы секторының отандық қатысушылары тарапынан капиталға сұранысты қанағаттандыру үшін капитал нарықтарын толыққанды пайдалану;

4-ші кезең – халықаралық қаржы орталығы: ұлттық экономика үшін қосымша кіріс көздерін қозғалысқа келтіру мақсатында АХҚО капитал нарықтарында шоғырландыру арқылы шетелдік инвестицияларды өңірге тарту үшін Орталық Азия, Күнгей Кавказ, ЕАЭО өңірлерінің, Таяу Шығыс және Еуропа елдерінің әлеуетін пайдалану.

АХҚО нарықтық факторлардың әсерімен және сол сияқты жедел өсу талап етілетін бағыттардағы мемлекеттің әсерімен дамитын болады және қол жеткізудің қосымша балама көздері мен бизнесті қаржыландыру құралдарын ұсына отырып, қаржы нарығының банк секторын толықтыратын болады. Осылайша, АХҚО ұлттық экономиканың өсу қарқыны мен ауқымын ынталандыра және жеделдете отырып, Қазақстан Республикасының бүкіл қаржы секторы үшін негізгі өсу факторы болады.

АХҚО-ны құру және дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асырудың Қазақстан үшін қаржыландыруды тарту бойынша қосымша мүмкіндіктер ашу арқылы,

сондай-ақ елге қаржылық қызмет саласына шетелдік білікті қызметкерлердің қосымша келуі есебінен Алматыны дамытуға синергетикалық әсер етеді. Мәселен, Нью-Йоркты АҚШ-тың қаржы орталығы ретінде дамыту сияқты бүкіл елдің және резиденттер компанияларының, мысалы, Астананың, Вашингтонның дамуына оң әсер етеді, олар сараптама мен инфрақұрылымның бүкіл қажетті базасы шоғырландырылған (сараптаманың шоғырландырылу факторы – қаржы орталықтары табыстылығының маңызды факторы) бір орталықтағы нарықтар мен қызмет көрсетулерге жол ашылады.

Нұр-Сұлтанды Орталық Азия, Күнгей Кавказ өңірлері, Таяу Шығыс және Еуропа елдері үшін негізгі қаржы орталығы ретінде позициялау есебінен өсу үшін Қазақстан Республикасында сыртқы (геосаяси жағдай) әрі ішкі (саяси тұрақтылық, қолайлы салық ахуалы) факторлардың бірегей жиынтығы бар. Еуразиялық экономикалық одақтың қаржы нарықтарының болашақ реттеушісін Қазақстанда орналастыру туралы шешім АХҚО-ны дамытуды жылдамдататын қосымша маңызды фактор болады.

Орталықты дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша жан-жақты іс-шаралар осы Іс-қимыл жоспарына қосымшаға сәйкес Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Астана" халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді перспективаға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) ұсынылды.

## **2.2 АХҚО-ны дамытудың бастау көзі**

**Ескерту. 2.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530; 21.08.2019 № 613 қаулыларымен.**

2015 жылғы 29 сәуірде өткен ұлықтау рәсіміндегі сөзінде Н.Ә. Назарбаев ЭКСПО-2017 көрмесінің жоғары технологиялық инфрақұрылымы негізінде озық әлемдік қаржы орталықтарына ұқсас ерекше мәртебесі бар "Астана" қаржы орталығын құру қажеттілігі туралы мәлімдеді. Бұл бастаманы іске асыру Қазақстанның экономикасын әртараптандыруға жаңа серпін беруге, Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік даму факторларына оң әсер етуге мүмкіндік береді. Неғұрлым маңызды экономикалық тиімділіктердің ішінде мыналарды атап өту керек: экономикалық өсуге және еңбек өнімділігін арттыруға жәрдемдесу, банк секторына қосымша толыққанды қаржы жүйесін қалыптастыру, Қазақстанның әлемдік экономикаға одан әрі ықпалдасуы, Нұр-Сұлтанды Орталық Азия өңірінің ірі іскерлік орталығы ретіндегі орнын нығайту. Неғұрлым маңызды әлеуметтік тиімділіктер: жоғары білікті жұмыс орындарын құру, іскерлік ортаның айқындылығын арттыру және бизнесті жүргізудің этикалық стандарттарын сақтау (оның ішінде, сыбайлас жемқорлықты төмендету), елге шетелден жоғары кәсіби еңбек ресурстарын тарту, Нұр-Сұлтанда өмір сүру стандарттарын жақсарту.



АХҚО-ны қалыптастыру тиімді және өтімділігі жоғары капитал нарықтарын, активтерді басқару индустриясын дамытуға мүмкіндік жасайды. Оған қоса АХҚО жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару жөніндегі (Private Banking), сондай-ақ исламдық қаржыландыру жөніндегі жергілікті сараптаманы дамытуды сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Болашақта, бәсекеге қабілетті, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін АХҚО дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау және оның 2020 жылға дейін Азияның 10 озық қаржы орталықтары қатарына және Global Financial Centres Index (GFCI) нұсқасы бойынша әлемнің 30 озық қаржы орталықтарының қатарына енуі бойынша кешенді шаралар қабылданатын болады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 19 мамырдағы Жарлығына (бұдан әрі – Президенттің Жарлығы) сәйкес Орталықтың мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылады.

Құрылған АХҚО жанынан 2025 жылға қарай Қазақстанда Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай қаржы реттеушісін құрудың ұлттық экономиканың мүддесін ескере отырып Қазақстанның ЕАЭО мен Орталық Азияның экономикасына ықпалдасуын жеделдетінін атап өту керек.

#### Капитал нарықтары

Қазіргі кезде қазақстандық капитал нарығы өтімді емес және оның мөлшері Қазақстан экономикасының мөлшеріне сәйкес келмейді. Акциялар мен облигациялардың нарықтарын нарықтық капиталдандырудың ЖІӨ-ге арақатынасы тиісінше 12 және 14 % деңгейде, бұл озық практикалардан айтарлықтай төмен (акциялар нарығы үшін 40 – 45 % және облигациялар нарығы үшін 130 – 135 %).

Көптеген сатылатын құралдар бойынша баға диапазондары (спредтері) 4 %-ға дейін жететін аса жоғары деңгейде, бұл Қазақстан қор биржасының сауда-саттықтар көлеміне және сол сияқты инвестициялық тартымдылығына тым теріс әсер етеді. Қазақстанның көптеген эмитенттері капиталды сыртқы қор алаңдарында (басым түрде Лондон қор биржасында) тартады.

Қазақстандық капитал нарығы сапалы және өтімді құралдардың қатты жетіспеуіне душар болып отыр. Бұл жағдай оған инвесторлар тарапынан қызығушылықтың болмауына әкеледі. Өз кезегінде отандық компаниялар Қазақстан қор биржасын капитал тартудың нақты тетігі ретінде қарамайды.

#### Активтерді басқару

2007 жылдан бастап Қазақстанда активтерді басқару жөніндегі компаниялардың саны едәуір қысқарды. Қазіргі кезде экономиканың осы секторын индустрияның барлық активтерінің 95 %-ын астамын ішінара немесе толық бақылайтын мемлекет шоғырландырды.

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі он басқарушы компания нарықтан кетті және жабылды, олардың басқарудағы қаражаты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗК) шеңберінде шоғырландырылды. Сақтандыру компанияларының активтерін басқару Қазақстан нарығында дамымады. Инвестициялық пай қорлары нысанындағы жеке инвесторлардың активтерін басқарудың жергілікті нарығы өсуге қарай айқын үрдістерінсіз қалыптастырылу жағдайында тұр.

### *Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару нарығы (Private Banking)*

Қазақстан халқының жинақталған қаражатының көлемі едәуір. Ауқатты және бай азаматтардың жалпы 2006 – 2014 жылдар арасындағы кезеңде жылына шамамен 18 % сомада жыл сайын өсу қарқыны бар 32 млрд. АҚШ долларға жуық капиталы бар. Сарапшылардың пікірі бойынша елден жыл сайын 8,2 млрд. жуық АҚШ доллары шығарылады. Орталық Азия мен Солтүстік Кавказдың көршілес елдерінің (бірінші кезекте Әзербайжанның, Өзбекстанның, Түрікменстанның, Тәжікстанның және Қырғызстанның) клиенттерінің дәулеті Қазақстан клиенттерінің дәулетінің 25 %-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының ауқатты азаматтары ақшасын басым түрде жергілікті банктердегі депозиттерде, ал бай азаматтары басым түрде шетелдік оффшорлық аумақтарда сақтайды. Халықаралық қаржы ұйымдары Қазақстандағы ауқатты және бай клиенттермен жұмыс істеу үшін әдетте, бас офистен Қазақстанға қажеттілігіне қарай ұшып келе отырып, "көшпелі офис" моделі бойынша жұмыс істейді.

Қазақстандағы Private Banking қызметтеріне сұраныстың төмен болуының негізгі себептері:

- 1) банктік емес өнімдерді шектеулі түрде ұсыну, сервис сапасының жоғары болмауы (дәстүрлі банктік өнімдерді кезексіз нақты ұсыну);
- 2) елдің қаржы жүйесіне сенім білдірмеу;
- 3) хабардар болудың төмен деңгейі және тасымалдау қолжетімділігінің шектелуі (басқа елдердің клиенттері үшін) болып табылады.

Қазақстандағы Private Banking-тің дамуына:

- 1) шетелдегі капиталдың жоғары үлесі және салдарынан ішкі нарықтағы барынша шағын мөлшері;
- 2) қызметкерлер біліктілігінің жеткіліксіз болуы (немесе сәйкес келетін қызметкерлердің еңбегі құнының тым жоғары болуы);
- 3) жергілікті банктің агенттік сыйақы алуды шектеуі және шетелдік private банктердің өнімдерін ұсыну мүмкіндігінің болмауы кедергі болады.

### Исламдық қаржыландыру

Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржыландыру нарығының дамуы енді ғана басталды: халық исламдық қаржыландырудың мәніне қатысты нашар хабардар етілген, ұсыныс жасау корпоративтік клиенттерге қызмет көрсететін бір ғана банкпен шектелген, исламдық қаржыландыру саласында білікті кәсіби мамандар жоқ.

Қазақстан Республикасының жоғары басшылығы исламдық қаржыландыру дамытуға және Исламдық қаржы орталығын біртіндеп қалыптастыруға арналған бағытты белгіледі. Осы бағытта жергілікті заңнамаға исламдық қаржыландырудың шетелдік институттарын оқшауландыру мәселелерін реттейтін базалық нормаларды енгізу жөніндегі маңызды бастама іске асырылды.

## 2.3 Күтілетін нәтижелер

2005 жылға қарай АХҚО-ның Қазақстанның ЖІӨ-ге үлесі шамамен 40 млрд. АҚШ долларын құрайды. Оның ішінде 12,1 млрд. АҚШ долларын АХҚО-ның Қазақстанның ЖІӨ-ге тікелей үлесі құрайды. Шамамен 8 млрд. АҚШ доллары ЖІӨ-ге үлес ретінде Орталық Азия, Күнгей Кавказ, ЕАЭО елдерінің, Таяу Шығыс және Еуропа елдерінің клиенттеріне қызмет көрсетуден күтіледі.

Қазақстан Республикасының ЖІӨ-не қосымша жанама әсер ету ұлттық экономиканың капиталға қол жеткізген нақты секторының өсу қарқынының жеделдетілуі есебінен қалыптастырылады. Дүниежүзілік банктің сарапшылары жүргізген эконометрикалық зерттеулер тиімді және өтімділігі жоғары капитал нарықтары бар елдер экономиканың осы секторы жоқ елдердің экономикасынан орташа алғанда 1 – 1,7 % жылдам өсіп отырғанын көрсетеді. АХҚО-ны құру және дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарының есебінде негіз ретінде мынадай консервативтік бағалау қабылданды Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсу ~1 %-ға ұлғаяды, бұл шамамен 2015 – 2025 жылдар кезеңде 19 млрд. АҚШ долларын құрайды.

АХҚО базасында қосымша 2300 білікті жұмыс орны құрылады.

Активтерді басқару

Перспективада мөлшері 2025 жылы 123 млрд. АҚШ доллары болатын басқару активтері (бұдан әрі – БА) жөніндегі жергілікті нарықты қалыптастыруға мүмкіндігі бар компаниялардың халықаралық сыртқы басқарушыларын оқшауландыруға бағытталған іс-қимыл кешенін іске асыру. Бұл ретте көрсетілген қаражаттың кемінде 17 %-ы Қазақстан Республикасының жергілікті капитал нарықтарында инвестицияланады (23 млрд. АҚШ долларына жуық).

2025 жылға қарай компанияларды сыртқы басқарушылардың оқшауландыру есебінен ғана 80 - 100 қосымша жоғары білікті жұмыс орындары қосымша құрылады (компаниялардың жергілікті басқарушыларының нарықтарын қалыптастыруды қоспағанда), оның ішінде кемінде ң жұмыс орны жалданған жергілікті мамандарға бекітіледі. ЖІӨ-ге үлес 2025 жылға қарай шамамен 800 млн. АҚШ долларын құрайды.

Капитал нарығы

Капитал нарықтары шеңберінде 2025 жылға дейін қазақстандық капитал нарығы арқылы экономиканың нақты секторына 351 млрд. АҚШ долларын тарту болжанады.

Осының экономикалық өсу қарқынын жылына ЖІӨ-нің 1 %-на жеделдетілетіні күтіледі.

Капитал нарықтары саласындағы мамандар үшін шамамен 900 – 1000 білікті жұмыс орындары құрылатын болады. Экономиканың осы секторының Қазақстанның ЖІӨ-ге жалпы үлесі 2015 – 2025 жылдары кезеңде шамамен 12,1 млрд. АҚШ долларын құрайды.

#### *Жеке адамдардың әл-ауқатын басқару нарығы (Private Banking)*

2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде отандық және оқшауландырылған банктердің ауқатты және бай сегменттері клиенттерінің қаражатын басқарудан түскен комиссиялары есебінен ЖІӨ-ге үлестері шамамен 200 млн. АҚШ долларын құрайды. Халықаралық компанияларды оқшауландыру және банк құпиясын қорғау шеңберінде заңнаманы күшейту 2025 жылға қарай басқарудағы активтердің мөлшері шамамен 8,3 млрд. АҚШ долларын, оның ішінде Қазақстан азаматтарының өткен жылдары шетелге әкеткен шамамен 1,3 млрд. АҚШ долларын қоса алғанда, құрайтын секторды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы бағытты дамыту АХҚО шеңберінде шамамен 700 – 1000 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

#### Исламдық қаржыландыру

Исламдық қаржыландыру активтерінің көлемі 2025 жылға қарай әлеуетті түрде 45,8 млрд. АҚШ долларын құрайды, оның ішінде банк жүйесінің активтері шамамен 36,6 млрд. АҚШ долларын, ал 9,2 млрд. АҚШ долларын капитал нарықтарының құралдары (сукуктер және инвестициялық қорлар) құрайды. ЖІӨ-ге үлес 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде ~300 млн. АҚШ долларын құрайды. Осы бағытты дамыту АХҚО шеңберінде шамамен 110 – 130 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді<sup>14</sup>.

1-кесте. АХҚО-ны құру және дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асырудан күтілетін нәтижелер

АХҚО-ны дамыту бағыттары	Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері	Ағымдағы мәртебе	Жергілікті сараптау орталығы	Жергілікті қаржылық делдалдық нарығы	Жергілікті қаржы орталығы	Өңірлік қаржы орталығы
		2014	2017 ж. дейін	2020 ж. дейін	2024 ж. дейін	2025
1	2	3	4	5	6	7
Капитал нарықтары	Тартылған капитал (ЖІӨ-нің %-ы)	1,5	7,0	9,0	14,0	>16,0
	Акциялар нарығын капиталдандыру (ЖІӨ-нің %-ы)	барлығы 11,5 (~1)	13	15,0	23	>26
	Борыш нарығын капиталдандыру (ЖІӨ-нің %-ы)	барлығы 12,0 (~1)	35,0	51	73	>81

	Баға ұсынысының диапазоны (bid-ask spread), %	1-4	1-3	1-2	1-2	<1
Активтерді басқару	БА-ны оқшауландыру, млрд. \$	4,2	11,0	44,4	86,4	>120
	Компанияларды сыртқы басқарушылардың оқшауландырылған қызметкерлерінің саны	0	5	18	53	>83
Ауқатты жеке адамдардың әл-ауқатын басқару (private banking)	БА, млрд. \$	0	2,8	5,1	7,3	>8,3
	оқшауландырылған қызметкерлерінің саны	0	280	550	920	>1000
Исламдық қаржыландыру	Ислам банкингінің активтері, млрд. \$	0,2	0,5	6,3	27,2	>36
	Шығарылған исламдық борыштық міндеттемелердің көлемі (Сукук), млрд. \$	0	0,1	1,6	6,8	>9

## 2.4 "Капитал нарықтарын дамыту" стратегиялық бағыты


Капитал нарығы – Қазақстан Республикасының қаржы нарығының бір бөлігі, онда әртүрлі бағалы қағаздарды (акциялар, облигациялар, туынды бағалы қағаздар және басқалары) сатып алу және сату арқылы ақша қаражатын қайта бөлу жүргізіледі. Өтімді және теңгерімделген капитал нарығын дамыту АХҚО-ны дамыту стратегиясындағы басым міндеттердің бірі болып табылады. Осы міндетті табысты іске асыру экономикадағы ресурстарды қайта бөлудің тиімді тетігін құруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде, Дүниежүзілік Банктің зерттеулеріне сәйкес жыл сайын ЖІӨ-нің 1 %-дан астам экономикалық өсу қарқынын жеделдете және мыңнан астам біліктілігі жоғары жұмыс орындарын құра алады. Капитал нарығын дамыту банк жүйесіне маңызды балама құра алады және ел мен өңірдің бос ақша қаражатын нарық ойыншыларының мүддесіне және ұлттық экономиканың қажеттілігіне жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Осы уақытқа дейін осы бағытта ауқымды жұмыс жүргізілді: жақсы пысықталған нормативтік-құқықтық база құрылды, сондай-ақ "ҚазТрансОйл" және "KEGOC" акционерлік қоғамдарының "Халықтық IPO" табысты жүргізілді, оның нәтижесі бойынша халықтың ауқымды тобы сапалы қаржы құралына қол жеткізді.

Сонымен бірге, осы бағытта алдағы уақытта барынша ауқымды жұмыс көлемін жасау керек екенін атап өту керек. Жергілікті капитал нарығы осы уақытқа дейін теңгерімделмеген: ондағы барлық транзакцияның 96 %-ын валютамен жасалатын операциялар және РЕПО мәмілелері құрайды. Облигациялар мен акциялар нарықтары сауда-саттықтың шамалы көлемі бар (Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың

жиынтық көлемінің 4 %-ы) және өте жоғары спрэдтер бар (орташа мәні 11 %) өтімді емес болып қалуда.

1-сурет. Валютамен жасалатын операциялар және РЕПО транзакциялары Қазақстанның капитал нарықтарында басым



Осы міндетті шешу үшін бірінші кезекте қаржы құралдарының ауқымды аясын ұсыну арқылы экономиканың нақты және мемлекеттік секторы тарапынан капиталға сұранысты арттыру қажет. Екіншіден, жергілікті бөлшек инвесторлар, халықаралық және қазақстандық институционалдық инвесторлар тарапынан капиталға сұранысты ынталандыру қажет. Үшіншіден, қазақстандық капитал нарығының инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру керек. Төртіншіден, АХҚО қатысушыларына салықтық ынталандыруды ұсыну қажет. Бесіншіден, қаржы нарығының инфрақұрылымын дамыту қажет, бірінші кезекте қор нарығының, клирингтік жүйелердің, қадағалау жүйелерінің құралдарымен сауда инфрақұрылымының IT жетілдіру есебінен.

### 2.4.1 Стратегиялық бағытқа шолу

Қазақстандық капитал нарықтары 2007 – 2008 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін бәрібір оңала алмады. 2014 жылы Қазақстан қор биржасындағы сауда көлемі 2008 жылғы өздерінің дағдарыс алдындағы деңгейінен шамамен алғанда 44 %-ға (115 млрд. АҚШ доллары) төмен. Республиканың барлық зейнетақы қорларын БЖЗҚ біріктіру фактісі де теріс әсер етті. Осы жағдай мемлекеттік және корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы өтімділікті айтарлықтай төмендетті. Корпоративтік облигациялар бойынша баға диапазондары іс жүзінде 2007 жылғы 2,31 %-дан 2014 жылғы 4,51 %-ға дейін екі есе өсті. Мемлекеттік қазынашылық

облигациялар бойынша баға диапазондары осыған ұқсас түрде өсті: 2007 жылғы 1,12 % -дан 2014 жылғы 3,29 %-ға дейін.

Капитал нарықтарының теңгерімсіздік фактісін атап өту қажет: барлық сауда-саттық көлемінің 96 %-ын валютамен операциялар және РЕПО мәмілелері құрайды. Осымен қатар Қазақстан қор биржадағы акционерлік капиталды нарықтық капиталдандыру мөлшері ЖІӨ-нің небәрі 12 %-ын, ал борыштық капиталды нарықтық капиталдандыру мөлшері ЖІӨ-нің

14 %-ын құрайды, бұл ықтимал әлеуетті деңгейлерден тиісінше 40 – 45 % және 130 – 135 % едәуір төмен. Қазақстан қор биржасының акционерлік және борыштық капиталдың тиісінше ЖІӨ-нің 12 % және 14 %-дағы нарықтық капиталдандыру цифрларының осы құралдарды шетелдік алаңдарда орналастыруды ескере отырып пайдаланатынын ескеру керек, ал Қазақстан қор биржасында орналастырылған акционерлік және борыштық капиталды нақты капиталдандыру екі жағдайда да ЖІӨ-нің шамамен 1 %-ын құрайды.

2-сурет. Акционерлік және борыштық капитал нарықтарының мөлшері Қазақстан экономикасының мөлшеріне сәйкес келмейді



Сауда-саттық көлемінің төмен болуымен қатар сапалы және өтімді қаржы құралдары секторының жеткіліксіз болуы орын алып отыр – олар барлығы сегіз, ал туынды қаржы құралдар (деривативтер) нарығы іс жүзінде жоқ.

Корпоративтік басқару стандарттарының миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау бөлігіндегі жақсарулар үшін әлеуеті бар. Қазақстан қор биржасының қазіргі инфрақұрылымы ТМД елдері арасында тіркеу, есеп айырысулар

және клиринг бөлігіндегі озықтарының бірі болып табылады, алайда, әлемдік озық практикаларға сәйкес келу үшін биржаның ақпараттық жүйелерін және басқа қаржы орталықтарымен байланыс арналарын жаңарту қажет.

Осылайша, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының капитал нарықтары дамудың бастапқы сатысында тұр.

## 2.4.2 Әлеует

Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (қосымша) белгіленген "Капитал нарықтарын дамыту" стратегиялық бағытының негізгі іс-шараларын іске асыру Қазақстан Республикасының экономикасына ұзақ мерзімді тікелей оң әсер етеді.

Біріншіден, капитал нарығын 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде экономиканың нақты және мемлекеттік секторлары компанияларының борыштық және акционерлік капиталдарын орналастыру есебінен белсендіру әлеуеті 351 млрд. АҚШ доллары сомасында бағаланды. Қазақстан экономикасының ауқымын және одан әрі дамытуға және инвестициялауға арналған ресурстарға қажеттілікті ескере отырып, өсу міндеттерін іске асыруға арналған капитал нарықтарының рөлін қайта бағалау қиын.

Екіншіден, Қазақстанның ЖІӨ-не кумулятивтік тікелей әсер ету 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде 12 млрд. АҚШ доллары сомасын құрауға тиіс. Осы сома Халықаралық Валюта Қоры әдіснамасы бойынша есептелді және қаржылық делдалдық (инвестициялық банкирлердің, трейдерлердің, брокерлер-дилерлердің гонорарлары), капитал нарықтарының қатысушыларына арналған кәсіби қызмет (аудиторлар, заңгерлер, IT-мамандары және басқалары) және АХҚО басқару қызметі (орталықты басқару және сот ісін жүргізу) сияқты аралық тұтынуды қоспағанда, көрсетілген қызметтердің есептелген көлемінен қалыптасады.

Үшіншіден, "Капитал нарықтарын дамыту" бағыты шеңберінде ғана жоғарыда көрсетілген барлық қызметті көрсету үшін АХҚО шеңберінде ғана 1000 астам жаңа жұмыс орны құрылатын болады.


АХҚО жаңа стратегиясын іске асырудың жанама әсерлеріне жалпы алғанда, экономиканың өсу қарқынына тиімді жұмыс істейтін капитал нарықтарының оң әсер етуін жатқызуға болады, ол жылына шамамен 1 %-ға тез өсетін болады.

Нарыққа қатысушылардың пікірі

Қазақстан Республикасы қаржы секторының пікіртерімге қатысқан кәсіби ойыншыларының 88 %-ы капитал нарығының дамуын АХҚО одан әрі дамытуға арналған стратегиялық бағыттардың бірі ретінде атап өтті. Осы бағыттағы дамытудың әлеуеті, қатысушылардың пікірі бойынша, экономиканың нақты секторына капитал нарықтары арқылы тартылған капитал саны нысаналы деңгейінде 2025 жылға дейін 80 – 500 млрд. АҚШ доллары болып бағаланды.



### 3-сурет. Тиімді жұмыс істейтін капитал нарықтарының Қазақстанның экономикасына ықпал ету әлеуетін бағалау



#### Капиталға сұраныс

Қазақстандық капитал нарықтарына тартуға 351 млрд. АҚШ доллары сомасындағы барынша салмақты салым 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде көлемі шамамен 91 млрд. АҚШ доллары мемлекеттік қазынашылық облигацияларын шығаруға және көлемі 60 млрд. АҚШ доллары инфрақұрылымдық облигациялар шығаруды енгізуі мүмкін.

Мемлекеттік қазынашылық облигациялардың 3 айдан 30 жылға дейін түрлі өтеу мерзімі болуға тиіс. Бұл ретте ең көп басымдық қалыпты қысық кірістілікті жасау үшін қысқа мерзімді (бір жылға дейін) құралдарда орын алуға тиіс. Бұдан басқа, орналастыруды тек Қазақстан қор биржасы арқылы және бәсекелестік негізде БЖЗҚ-ның қаражаты есебінен ғана емес, сондай-ақ басқа институционалдық инвесторларды тарту есебінен (қайталама нарықты дамытуды және өтімділікті қолдауды қамтамасыз ету үшін) жүргізу қажет.

Орналастыру мөлшері әрбір жыл бойынша бюджет тапшылығының жоспарланған деңгейіне қатынасы бойынша біртіндеп өсуін қамтамасыз ету. Мемлекеттік қазынашылық облигацияларды орналастырудың бюджет дефицитінің болжамды мөлшеріне арақатынасының коэффициенті мынадай болуға тиіс:

2015 – 2017 жылдар аралығындағы кезеңде – шамамен 1-ге тең

2018 – 2019 жылдар аралығындағы кезеңде – шамамен 1,1-ге тең

2020 – 2022 жылдар аралығындағы кезеңде – шамамен 1,2-ге тең

2023 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде жылына 0,1-ге өсуге тиіс, мәні 2025 жылы шамамен 1,5-ке жетеді.

Халықаралық тәжірибе

Капиталдың жеткілікті түрде дамыған нарықтары бар АҚШ және Аустралия сияқты елдерде мемлекеттік қазынашылық облигациялардың эмиссиясы бюджеттің жоспарланған тапшылығының мөлшерінен жиі бірнеше рет асып отырады. Негізгі акцент қысқа мерзімді борыштық құралдарды шығаруға беріледі (1 – 3 – 5 жыл өтеу мерзімімен). Бұл қадам "тәуекелсіз" қисық кірістілікті қалыпты түрде қолдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде тұтастай алғанда капитал нарығы құралдарының кең спектрі бойынша баға белгілеудің балама тетіктерін қалыптастыруға, өтімділіктің ұлғаюына, жүйе тұрақтылығының артуына және капитал нарығының құбылмалылық деңгейін төмендетуге әкеледі.

Жеке және мемлекеттік компанияларға қатысты мынадай бастамаларды іске асыру капиталға сұранысты шамамен 144 млрд. АҚШ долларына ұлғайтады:

1) ірі қазақстандық бизнес тарапынан капиталға сұранысты сыртқы қор алаңдарынан қазақстандық капитал нарығына қайта жіберу;

2) квазимемлекеттік сектордың бірқатар компанияларының акцияларын биржа арқылы орналастыру;

3) отандық жеке компанияларды капиталды Қазақстан қор биржасына орналастыруын ынталандыру;

4) Қазақстан қор биржасында еркін айналыстағы акциялардың көлемін мүмкіндігінше 10-нан 25 %-ға ұлғайту;

5) капиталды орналастырылған акцияларға 25 %-ға төмен емес ықтимал барынша қажетті орналастыруды ескере отырып IPO өткізу.

Халықаралық даму институттары (Еуразиялық Даму және Қайта құру Банкі, IFC және басқалары) Қазақстан қор биржасына орналастырылған қаржы құралдарын пайдалана отырып жергілікті жобаларды қаржыландыра алады. Бұл ұйымдар инвестициялау процесіне өте мұқият және сапалы түрде сәйкес келеді және сол немесе өзге жобаның сапа белгісіне қызмет ете алады. Бұдан басқа олар өзінің балансына тәуекелдің белгіленген үлесін алатын болады. Нәтижесінде қазақстандық капитал нарығында сапалы және өтімді құралдардың жаңа класы пайда болады.

Мұнай-газ секторының және тау-кен-металлургия кешенінің ірі бірлескен кәсіпорындары (мысалы, Tengizchevroil, Karachaganak Petroleum Operating, North Caspian Operating Company, PetroKazakhstan, ERG, KAZ Minerals, Қазатомөнеркәсіп және басқалары) айналым капиталын толықтыруды қаржыландыра алады және қазақстандық капитал нарықтары арқылы "жергілікті қамту" бөлігінде инвестициялық бағдарламаларды іске асыра алады. Бұл 35 млрд. АҚШ долларындағы жоғары сапалы қаржы құралдарын қазақстандық нарыққа орналастыруға мүмкіндік береді. Осы бағдарламаны іске асыру бірлескен кәсіпорындарға өзінің валюталық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді, демек қаржыландыру және тиісті шығыстар ұлттық валютамен жүргізілетін болады.

Батыс алаңдарында кеңінен пайдаланылатын "биржалық инвестициялық қорлар" (Exchange Traded Fund, бұдан әрі – ETF) атты қаржы құралы әлеуетті инвесторлар үшін барынша түсінікті және айқын. Қазақстандық капитал нарығында өтімділігі жоғары активтерге байланысты осы (бірінші кезекте) және басқа да құралдарды енгізу жөніндегі бастама барынша жеңіл түрде іске асырылады. Мысалы, ETF ұйымдастыру құны салыстырмалы түрде үлкен емес (0,5 – 1,5 млн. АҚШ доллары аясында) және ETF қорын ұйымдастыру үшін небәрі шамамен үш айды қажет етеді. Қазақстандық нарықта өтімділікті арттырудың қосымша құралы ретінде ETF кеңінен пайдалану халықтың қаржылық сауаттылығын жақсартуға ықпал ететін болады, сондай-ақ сауда көлеміне және өтімділікке оң әсер ете алады. Болашақта, сұраныстың қалыптасуына орай, қор нарығының басқа да осындай құралдары дамуы мүмкін (мысалы, Exchange Traded Note, бұдан әрі – ETN).

ETF қор басқарушысының функциясын жүзеге асыру үшін брокерлік компанияларды таңдау биржалық инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны талдай отырып, брокерлік компанияларды капиталдандырудың ең төменгі деңгейі бойынша талаптар белгілеу арқылы іске асырылатын болады. Қазақстандық нарықта қаржы құралдарының осы түрін шығару үшін тиісті заңнамалық актілерге түзетулерді пысықтау қажет. Қолдаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету ETF іске қосу үшін таңдап алынған брокерлік компаниялар үшін жүзеге асырылатын болады (осы қызметті жүзеге асыратын брокерлерді капиталдандыруды толықтыру үшін қазақстандық даму институттарынан қаржыландыруды алу мүмкіндігін беру). Сонымен қатар, кейіннен Қазақстан қор биржасының шеңберінде дамыту үшін (мысалы, ETN және басқалары), банктердің депозиттік сертификаттарын қор нарығының қосымша құралдары тізбесіне енгізу үшін осындай қаржы құралдарының перспективалық тізбесін қарау қажет. "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына исламдық және басқа да жалдау сертификаттарын қалыптастыру мен дамыту бөлігінде түзетулер енгізу туралы мәселені қосымша қарау.

#### Биржалық инвестициялық қорлар (ETF)

Биржалық инвестициялық қорлар инвестициялық қоғамдастықта кеңінен танымал болды. Соңғы 10 жылда осы құралдардың класы экспоненциалдық өсу қарқынын көрсетті: 2005 жылғы басқарудағы активтердің жалпы мөлшері 416 млрд. АҚШ доллары болып есептелді, ал 2014 жылғы 25 қазандағы жағдай бойынша, бұл цифр 2,5 трлн. АҚШ долларына жетті.

Активтердің осы класының осындай танымалдығы мынадай үш факторға міндетті: біріншіден, ETF инвестициялаудың классикалық құралдарымен салыстырғанда тәуекелді әртараптандыруға мүмкіндік береді; екіншіден, активтерді басқару жөніндегі дәстүрлі компанияларға қарағанда активтерді басқарғаны үшін комиссия он есе төмен; үшіншіден ETF қорын ұйымдастыру барынша жеңіл (уақыт бойынша бұл 3 айға жуық

мерзімді алады, ал әкімшілік шығыстар 0,5 – 1,5 млн. АҚШ доллары аралығында болуы мүмкін).

Процесті ұйымдастыру үшін демеуші компания қажет етіледі. Әдетте бұл рөлді инвестициялық пай қоры білдіреді, ол биржалық инвестициялық қордың құрылымын айқындайды және жай-күйін жасайтын қаржы құралдарының портфельін сатып алады. Осы портфель кастодиан банкте сақталады, осы уақытта инвестициялық пай қоры портфельді трасттық басқарушының рөлін атқарады.

Инвестициялық пай қоры портфельді аз көлемдегі ритейл юниттеріне бөледі, олардың әрқайсы барлық портфельдің жай-күйін қайталайды. Одан кейін жұмысқа ритейл юниттерін түпкілікті инвесторларға сататын инвестициялық банктер және брокерлер тартылады. Қолайлылық ритейл юниттің бөлшек инвесторларда қолжетімділік шектеуді өте үлкен портфельдің жай-күйін көрсете алатындығын білдіреді.

#### Капитал ұсынысы

Қазақстан қор биржасының даму бағыты ресми тізімге жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың акциялары үшін Қазақстан қор биржасы секторын шығару болып табылады. Осы бөлік экономиканың құрылымындағы ірі, қаржыландыруға өспелі қажеттілігі бар, сондай-ақ инвесторлар үшін ең тартымды бөліктің бірі болып табылады. Осы бөлікті дамыту құқықтық өрістің өзгеруін қажет етеді, ал іске асыру нәтижесі қор нарығында эмитенттер мен инвесторлар үшін сұраныстар мен ұсыныстардың қиысуына арналған мүмкіндіктердің (және көлемнің) ұлғаюы болады. Осы бастаманы іске асыру тәсілі – жеке сауда алаңын құрмай-ақ стартаптардың (барлау сатысындағы компаниялардың) және өндіруші компаниялардың талаптарына жауап беретін нарықтың қосымша бөлігін ашу (арнайы листинг қағидалары және ақпараттың мәнін ашу жөніндегі қағида, геологиялық есептілік стандарттарын JORC үлгісіндегі халықаралық стандарттарға көшіру үдерісін жеделдету).

Қолайлы шара активтерді басқару жөніндегі жергілікті көшбасшыларына мемлекеттік қорларда (мысалы, Ұлттық қор) 2018 жылдан бастап және 2021 жылға дейін 1 млрд. АҚШ долларына жуық мөлшерде сақтаулы қаражатты басқару мүмкіндігін беру болады, бұдан кейін портфельдің мөлшерін 2025 жылы 4 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізе отырып, мандаттың мөлшерін жыл сайын әр басқарушыға 1 млрд. АҚШ долларына ұлғайтуға болады (басқару жөніндегі міндеттемелер арнайы шарттың талаптары болып табылады). Бұл қадам нарықта өтімділікті айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Қазақстан халқының жалпы жинақ ақшасы шамамен алғанда 55 млрд. АҚШ долларын құрайды және банк депозиттері осы қаражаттың ақша жинағының тиімді қаражаты болып табылмайды. Егер оларды инвестициялық пай қорлары арқылы қазақстандық капитал нарығына қайта жіберсе, онда бұл өтімділіктің жақсы көзі болып қызмет етеді.

Сақтандыру компаниялары сақтандыру секторын, әсіресе міндетті сақтандыру және өмірді сақтандыру бағыттарын дамыту бойынша белсенді саясат болған кезде қазақстандық капитал нарығындағы ұсыныстардың белсенді көзі бола алады.

Елдің Қазақстанмен қосылуы 300 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі еркін өтімді қаражатқа иелік ететін болады, олардың айтарлықтай бөлігі қызық инвестициялық мүмкіндіктер болған жағдайда қазақстандық капитал нарықтарына өте алады.

Капитал нарықтарын дамыту АХҚО қалыптастырудың төрт негізгі кезеңі шеңберінде жүзеге асыру ұсынылады (міндеттерді индикативтік кезеңдер бойынша бөлу).

"Жергілікті сараптама орталығы" бірінші кезең шеңберінде мыналарды көздейді:

1) мемлекеттік қазынашылық облигацияларды жыл бойы (жоспар бойынша) тұрақты шығару және болжамды орналастыру және қамтамасыз ету, бұл нақты қолданылатын тәуекелсіз қисық кірістілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді;

2) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының инвестициялық тұрғыдан неғұрлым тартымды компанияларын инвесторлардың (отандық және халықаралық) кең ауқымы үшін орналастырылған акциялардың кемінде 25 %-ы мөлшерінде олардың IPO жүргізу үшін Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына шығару;

3) мемлекеттік және жеке компаниялардың корпоративтік облигацияларын шығару;

4) Қазақстан қор биржасының IT-инфрақұрылымын дамыту.

"Қаржылық делдалдықтың жергілікті орталығы" екінші кезең шеңберінде мыналарды жүргізу мүмкіндігін қарау қажет:

1) еркін айналыстағы капиталдың үлесін орналастырылған акцияларға 25 %-дан төмен емес деңгейде ұлғайта отырып, SPO "көгілдір фишкалар" жүргізу. Өтімді компанияларды тікелей аукциондарда тікелей сатқан жағдайда, сату талаптарымен мәміле жасалғаннан кейін бірнеше жылдың ішінде капиталдың бір бөлігін биржаға міндетті шығаруды міндеттеу;

2) Қазақстан қор биржасында орналастырылған акцияларға (IPO кезінде орналастырылған акцияларды қоса алғанда) кемінде 25 % орналастыру арқылы квазимемлекеттік сектор компанияларын Қазақстан қор биржасында IPO-ға шығару;

3) жеке компанияларға IPO жүргізу;

4) қазақстандық эмитенттерді қолдау және Қазақстан қор биржасы арқылы қаржыландыруды тарту үшін оларды қайтаруды ынталандыру бойынша іс-шаралар жүргізу;

5) ETF құралын нарыққа шығару.

"Жергілікті қаржы орталығы" үшінші кезең шеңберінде мыналар көзделеді:

1) жеке компаниялардың борыштық және акционерлік капиталын шығару, сондай-ақ шағын және орта капиталдандыру компаниялары үшін алаңдарды жандандыру;

2) басқа да қор алаңдарымен кросс-трейдинг тетіктерін іске қосу.

Төртінші кезең шеңберінде 2025 жылдан бастап қазақстандық капитал нарықтары халықаралық деңгейде (Орталық Азияның, Күнгей Кавказ, ЕАЭО басқа елдерінде, Таяу Шығыс және Еуропа елдерінде) қызмет көрсетуді бастайды.

## **2.5 "Активтерді басқару жөніндегі нарықты және сараптаманы дамыту" стратегиялық бағыты**


**Ескерту. 2.5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 21.08.2019 № 613 қаулысымен.**

Активтерді басқару – мақсаты инвесторлар үшін пайда алу болып табылатын сенімгерлікпен басқару шартының негізінде әртүрлі үлгідегі бағалы қағаздардың портфельдерін және басқа активтерді кәсіби басқару. Компаниялар да, жеке тұлғалар да инвестор бола алады (тікелей немесе ұжымдық инвестициялау көмегімен). Активтерді басқару жөніндегі нарықты және сараптаманы дамыту АХҚО-ны одан әрі дамытуға бағытталған стратегиялық бағыт болып табылады. Активтерді басқару жөніндегі жетекші халықаралық компанияларды (бұдан әрі – БК) жергіліктендіру және озық әлемдік тәжірибеге сәйкес келетін активтерді басқару жөніндегі қатаң ішкі сараптаманы қалыптастыру АХҚО-ны Орталық Азияда активтерді басқару жөніндегі негізгі орталық ретінде саралауға қабілетті. Активтерді басқару жөніндегі орнықты ішкі нарық капиталдың өтімді жергілікті нарығын қалыптастыруға, ұлттық экономикаға сыртқы инвестицияларды тартуға, еңбек нарығын кәсібилендіруге және қосалқы көрсетілетін қызметтердің кластерін құруға ықпал етеді<sup>16</sup>.

Нұр-Сұлтанның активтерді басқару жөніндегі өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасу үшін қажетті нақты басымдылықтары бар. Бұл басымдылықтарға басқару үшін қолжетімді қорлар қаражатының елеулі көлемі, қолайлы салықтық жағдай, экономикалық және саяси тұрақтылық жатады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы активтерді басқару нарығы мемлекеттің басым жағдайы және активтерді басқарудың дамымаған бөлшек секторы салдарынан халықаралық нарық ахуалынан алыс.

4-сурет. Негізгі сегменттер бойынша активтерді басқарудың әлемдік және қазақстандық нарықтарының салыстырмалы сипаттамасы



Бұл стратегиялық бағытты бұдан әрі дамыту үшін сыртқы жетекші БК жергілікті нарықта оқшаулауға, сондай-ақ отандық нарық ойыншыларының активтерді басқару бойынша ішкі құзыретін қалыптастыруға бағытталған қосымша шаралар кешенін іске асыру қажет.

Мемлекет отандық ойыншылардың ролін арттыруда және нығайтуда және Нұр-Сұлтанға сыртқы БК тартуда ынталандырушы ролін атқаруға тиіс екенін атап өткен жөн.

### 2.5.1 Стратегиялық бағытқа шолу

**Ескерту. 2.5.1-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 25.01.2019 № 18 қаулысымен.**

Халықаралық қаржы дағдарысы (2005 – 2006 жылдар) басталғанға дейінгі кезеңде белсенділіктің ұзаққа созылмаған өршуінен кейін активтерді басқару нарығы біршама қысқарды және ҰБ атынан бір қатысушы нарығы ретінде ғана қалыптасты. 2009 жылы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының жеке БК басқаруындағы активтер 14 млрд. АҚШ долларына – басқарудағы активтердің (бұдан әрі – БА) барлығының 25 %-ына жуық болды, 2014 жылда бұл көлем 4 млрд. АҚШ долларға немесе барлық БА-ның 3 %-ына жуық (135 млрд. АҚШ долларына жуық) болды.

Жеке инвесторлардың активтерін басқару нарығы

2007 жылдан бастап активтерді институционалды және бөлшек басқару жөніндегі компаниялардың саны біршама қысқарды. ҰБ-ның 2007 – 2014 жыл аралығындағы кезеңдегі деректері бойынша банктік емес брокерлік компаниялардың саны 45-тен 21-ге, инвестициялық компаниялардың саны 35-тен 26-ға дейін қысқарды.

*Институционалды инвесторлардың активтерін басқару нарығы*

Қазақстан Республикасы азаматтарының зейнетақы қаражатын басқарушы 10 жеке БК инвестициялық басқаруының қанағаттанарлықсыз нәтижелеріне байланысты (инвестицияға инфляция деңгейінен төмен қайтару) азаматтардың зейнетақы жинақтары ҰБ-ның ведомствосына бағынысты БЖЗҚ басқаруына шоғырландырылды.

Әлемдік өлшемдер бойынша институционалды инвесторлардың, сақтандыру компанияларының үлкен сыныптарының активтерін басқару – сол сияқты Қазақстан Республикасының жергілікті нарығында дамыған жоқ. 2007 – 2014 жылдардағы кезеңде сақтандыру компанияларының БА орташа алғандағы өсуі 12 % болды және абсолюттік мәндегі (2014 жылғы қарашадағы жағдай бойынша барлық жергілікті БА-ның 2 % жуығы) 2 млрд. АҚШ долларынан асқан жоқ. Өмірді сақтандыру нарығын дамытудың баяу қарқыны, сондай-ақ барлық жинақталған сақтандыру резервтерінің 80 %-ына жуығының шетелде қайта сақтандыруға берілуі сақтандыру активтерін басқару нарығын дамыту жолында елеулі кедергі болды.

Бөлшек инвесторлардың активтерін басқару нарығы

2007 – 2014 жыл аралығындағы кезеңге, инвестициялық пай қорларының (бұдан әрі – ИПҚ) құқықтық нысандарында басқарылатын бөлшек инвесторлар тарапынан білікті БК басқаруына берілетін активтердің қалыпты орташа алынған өсуіне (5 %-ға жуық) қарамастан, бөлшек инвесторлардың қаражатын басқарудың жергілікті нарығы өсудің анық емес үрдісі дамудың бастапқы кезеңінде тұр. Мәселен, ҰБ-ның деректері бойынша барлық үлгідегі ИПҚ-лардың саны 2007 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 168-ден 88-ге дейін іс жүзінде екі есеге қысқарды, ал барлық үлгідегі жергілікті ИПҚ-ға қаражат салған жеке инвесторлардың жалпы саны 600 пайшыдан асқан жоқ. Бұл ретте, білікті БК-ның, БА-ның басқаруына жеке инвесторлар берген, жабық үлгідегі ИПҚ-да орналастырылған қаражаттың жалпы көлемі барлық БА-ның 99,7 %-ға жуық (3 млрд. АҚШ долларына жуық). Классикалық жеке бөлшек инвесторлардың ашық және интервалды үлгідегі ИПҚ-ларға салынған қаражат 6 млн. АҚШ долларынан аспайды. Жабық түрдегі ИПҚ-да қаражатты орналастыру арқылы салықтық оңтайландыруды жүргізу нарықтың жандануын ынталандырды, соған қарамастан, Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығының және дәстүрлі емес қаржы құралдарына деген сенімінің төмен деңгейі, сондай-ақ қаржы нарығының әлсіз конъюнктурасы (төмен кірістілік, өтімділік, қаржы құралдарының қолжетімділігі) тепе-теңсіздікті туындатты.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы аумағында жеке институционалды және бөлшек инвесторлардың активтерін басқару нарығы қазіргі таңда дамудың бастапқы кезеңінде тұр.

Мемлекеттік қорлардың активтерін басқару нарығы.

ҰБ-ның атынан мемлекеттің бақылауында Ұлттық қордың қаражаты (2014 жылғы қарашадағы жағдай бойынша 77 млрд. АҚШ долларына жуық), алтын-валюта резервтері (2014 жылғы қарашадағы жағдай бойынша 27 млрд. АҚШ долларына жуық),




сондай-ақ БЖЗҚ-ның қаражаты (2014 жылғы қарашадағы жағдай бойынша 26 млрд. АҚШ долларына жуық) бар. Көрсетілген қаражат жиынтығында 135 млрд. АҚШ долларды немесе жергілікті ашылған барлық БА-ның 96 %-ын құрайды.

Капитал нарығын жандандыру мақсатында тәуелсіз қорлар мен ірі шетелдік инвесторларды тартуға арналған тиімді құралдардың бірі ретінде қоса инвестициялау қағидатымен қызметін жүзеге асыратын Шикізаттық емес секторға тікелей инвестициялар қорын құру және АХҚО базасында оқшауландыру мүмкіндігін қарау да өзекті.

Ағылшын құқығын пайдалана отырып, АХҚО базасында Шикізаттық емес секторға тікелей инвестициялар қорын құру оның тиімділігін арттырады және инвесторлардың сенімділігін қамтамасыз етеді.

Өз кезегінде Шикізаттық емес секторға тікелей инвестициялар қоры қоса қаржыландыру міндетті шартымен шикізаттық емес секторлардағы ірі және озық жобаларға инвестициялауға бағытталады.

5-сурет. Жергілікті нарықта БА-ны ағымдағы бөлу



Алтын-валюта резервтері өсуінің тарихи қарқынын сақтаған кезде және Ұлттық қордың және БЖЗҚ-ның қаражаты қозғалысының серпіні бойынша консервативтік ресми болжамдарды іске асыру кезінде, мемлекеттік қорлардың БА жиынтық көлемі 2025 жылы

400 млрд. АҚШ долларына жуық болды және мөлшері бойынша жеке басқарудағы активтер базасынан бірнеше есе асады (10 млрд. АҚШ доллары). Көрсетілген үрдіс активтерді басқарудың жергілікті нарығын қалыптастыруда мемлекеттің басым және негізгі рөлінің сақталғандығын куәландырады, оған сәйкес осы стратегиялық бағыт бойынша ұсыныстар қалыптастырылады. Мемлекетке бірінші кезекте, Ұлттық қордың және БЖЗҚ-ның қаражаттарын, кейіннен бөлшек инвесторлардың қаражатын басқару

есебінен қорларды дамыту және кәсіби ортаны қалыптастыру мүмкіндігін қарастыру қажет.

## 2.5.2 Әлеует

**Ескерту. 2.5.2-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 21.08.2019 № 613 қаулысымен.**

Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (қосымша) белгіленген "Активтерді басқару нарығын және сараптамасын дамыту" стратегиялық бағытының негізгі төрт ұсынымдарын іске асыру АХҚО-да жергілікті нарықты және активтерді басқару саласында сараптаманы қалыптастыруға ұзақ мерзімді оң ықпал етеді. Бұл стратегиялық бағытты дамытудың тікелей пайдасына мыналар жатады:


Біріншіден, халықаралық сыртқы БК жергіліктендіруге бағытталған іс-қимыл кешенін іске асыру болашақта активтерді басқару жөніндегі жергілікті нарықты қалыптастыра алады. Мәселен, сыртқы БК жергіліктендіру бір мезгілде қазақстандық нарықта кәсіби басқарушылар ортасын қалыптастыра отырып және осы компаниялардың Қазақстан Республикасында басқарудан түскен кірістерін жергілікті тіркей отырып, 2025 жылы Нұр-Сұлтаннан 123 млрд. жуық АҚШ доллары мөлшеріндегі қаражатты басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте аталған қаражаттың кемінде 17 %-ы Қазақстан Республикасының жергілікті капитал нарығына (23 млрд. жуық АҚШ доллары) инвестицияланады.

Екіншіден, АХҚО-ның шеңберінде активтерді басқару жөніндегі мамандандудың дамуы жергілікті БК сараптамасын арттыруға және Қазақстан Республикасы қаржы секторының отандық өкілдерінің кәсібилігін нығайтуға бағытталған. Ұсыныстарды іске асыру 2025 жылға қарай активтерді басқаруға қатысты 80 астам қосымша жоғары кәсіби жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Бұл ретте жұмыс орындарының кемінде ң активтерді басқару саласындағы жергілікті мамандарға бекітіліп беріледі.

Үшіншіден, 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде мемлекеттің және жеке инвесторлардың қаражатын басқарудан түскен комиссиялардың есебінен отандық және оқшауландырылған БК түсімі Қазақстан Республикасының бюджетіне 800 млн. жуық АҚШ долларын (жинақталғанда) әкеледі.

Бұдан басқа – капитал нарығының құралдарына қаражат ұсынуды қамтамасыз ететін басқарушылардың кәсіби ортасын құру активтерді басқару жөніндегі нарықты қалыптастырудың ең маңызды артықшылығы болып табылады. Осыған байланысты " капитал нарығы" және "активтерді басқару" стратегиялық бағыттары болашақ АХҚО-ның экожүйесінің басты бірін-бірі толықтыратын элементтері болып табылады, онда бір бағыт басқа бағытсыз тұрақты іске аспайды.

6-сурет. Активтерді басқару жөніндегі жергілікті сараптаманы дамытудың инвестициялық қызметке және жұмыспен қамтуға әсері



Тікелей стратегиялық пайдадан басқа активтерді басқару саласында жергілікті сараптаманы күшейту аралас әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға жетуге ықпал етеді, оның ішінде:

- 1) қазақстандық капитал нарықтарына өңірлік және халықаралық инвесторлардың қаражаттын тарту (оқшауландырылған БА арқылы);
- 2) жергілікті институционалдық және жеке инвесторларға активтерді басқару саласындағы әлемдік кластағы өнімдік шешімдерге қолжетімділікті ұсыну;
- 3) жергілікті және оқшауландырылған ойыншылар арасында бәсекелестіктің өсуі есебінен қазақстандық инвесторлар үшін инвестицияланған қаражатты ұлғайтып қайтару;
- 4) БА және қызметтің қосалқы түрлерін көрсететін компаниялардың қызметінен салықтық аударымдар;
- 5) еңбекке қабілетті білікті жастардың назарын қаржы және активтерді басқару саласындағы мансапты дамытуға аудару;
- 6) Нұр-Сұлтанды Орталық Азия аумағында корпоративтік қаржы және активтерді басқару саласындағы негізгі білім орталығы ретінде дамыту.

#### Нарыққа қатысушылардың көзқарасы

Қазақстан Республикасы қаржы секторының пікіртерім жүргізілген кәсіби ойыншыларының 80 %-ы активтерді басқару саласында жергілікті нарықты және сараптаманы дамыту АХҚО одан әрі дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі екендігін атап өтті. Қатысушылардың пікірі бойынша, бұл бағытты дамытудың әлеуеті жергілікті және оқшауландырылған БА басқаруындағы БА көлемі түрінде 2025 жылға дейін нысаналы 150 – 200 млрд. АҚШ доллары деңгейінде деп бағаланды.

Активтерді басқару саласында жергілікті сараптаманы күшейту бойынша стратегиялық бағытты дамытуды АХҚО-ны қалыптастырудың негізгі төрт кезеңі шеңберінде жүзеге асыру ұсынылып отыр.

"Сараптаманың жергілікті орталығы" бірінші кезең шегінде мемлекеттік қаражатты кейіннен оларды оқшауландыру (АХҚО аумағында өкілдік офис ашу) үшін халықаралық БК-нің басқаруына алмастыруға беру мақсатында оларды қайта бөлу бойынша іс-шараларды өткізу (реверсивтік аукциондар) мүмкіндігін қарау көзделеді. Сыртқы БК жергілікті нарықта меншікті халықаралық инвестициялық өнімдерді сатуды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында, сол сияқты Орталық Азия өңірінің шекаралас мемлекеттерінің аумағында бизнестің балама көздерін іздестіру үшін (private banking нарығын дамыту) өңірлік банктермен агенттік шарттарды жасасу мақсатында маркетинг және дистрибуция функцияларын оқшауландырады, ETF немесе ауқымды депозиторлық қолхаттар (Global Depositary Receipt – бұдан әрі GDR) сияқты әлемде тез дамып келе жатқан құралдарға ұсыныстарды дамыту арқылы капиталдар нарығын дамытуға қатысады.

Активтерді басқару жөніндегі жергілікті сараптаманы дамыту мақсатында "Қаржылық делдалдық орталығы" екінші кезең ішінде БЖЗҚ қаражатын басқаруға алдын ала сертификаттаудан өткен және іріктелген отандық білікті БК тарту мүмкіндігін қарау орынды болар еді. Капиталды басқарудың жергілікті нарығының өсу шамасы бойынша АХҚО аумағында сырттан тартылған кәсіби портфельдік менеджердің басшылығымен жергілікті білікті талдаушылардың командасынан тұратын сыртқы БК талдама бөлімдерін қосымша жергілікті ету қажет.

"Жергілікті қаржы орталығы" үшінші кезең барысында сыртқы БК-ні жергілікті ету процесі жалғастырылады және сыртқы БК-тан жергілікті БК-ге мемлекеттік қаражатты қайта бөлу процесі ақталады. Отандық және оқшауландырылған ойыншылар жыл сайын тендерге қатысады және БЖЗҚ қаражатын басқару құқығы үшін бәсекеге түседі, сондай-ақ басқа көздерден активтерді басқарудың қазақстандық нарығын белсенді дамытады.

АХҚО қалыптастырудың "Халықаралық қаржы орталығы" төртінші кезеңі шегінде шақырылған мамандар мен жергілікті кәсіби мамандар – портфельдік менеджерлердің меншікті жергілікті командасын қалыптастыру арқылы сыртқы БК – АХҚО стратегиялық әріптестерін оқшауландыру процесі аяқталады. Оқшауландырылған БК капиталдың қазақстандық нарықтарында дамушы нарықтардың активтерінен тұратын, мамандандырылған меншікті инвестициялық портфельдер түрінде ұсынылған қаржы құралдарын қамтиды.

Үшінші және төртінші кезеңде капиталдар нарығын жандандыру активтерді басқару нарығын табысты дамытудың міндетті талабы болып табылатынын (2.4-бөлікті қараңыз) атап өткен жөн, өйткені қазақстандық деңгейде (жұмыстың қашықтықтан емес режиміне қарсы) кәсіби сараптаманың шоғырлануы (басқарушылар командасы және барынша кәсіби дайындықты талап ететін функциялар) инвестициялар жүзеге асырылатын нарыққа тікелей жақын жерде талдау мен зерттеуді жүргізу қажеттілігі болған жағдайда ғана өзін өзі ақтайтын болып табылады.

## Халықаралық тәжірибе

Сингапурдың (Monetary Authority of Singapore – бұдан әрі MAS) қаржы нарығын реттеушісі Сингапур қаржы орталығының негізгі өсу драйверлерінің бірі ретінде активтерді басқарудың жергілікті нарығын дамытуға мақсатты түрде назар аударды. Бұл ретте реттеуші Сингапурды Азия өңірінде шоғырланған және жергілікті, сол сияқты шетелдік клиенттерге де тиесілі активтерді басқару жөніндегі негізгі орталық ретінде орнықтыру міндетін қойды.

MAS бұл міндетті іске асыру үшін жергілікті нарықта шетелдік БК-ні оқшауландыруға бағытталған салық салу және қаржылық ынталандыру саласындағы бастамаларды әзірледі және іске асырды.

Мысалы, 1998 жылғы дағдарыстан кейін Азия қор нарығында Сингапурдың Бірыңғай зейнетақы қорының директорлар кеңесі (Central Provident Fund) активтерді қор ішінде бөлу туралы, сондай-ақ жергілікті нарықта оларды оқшауландыру талабымен сыртқы БК-ге 21 млрд. АҚШ долларын бөлу туралы хабарлады.

Сингапурдың мемлекеттік инвестициялық корпорациясы (Government Investment Corporation) сыртқы БК-ні оқшауландыру шегінде 1999 жылдан бастап халықаралық БК-нің меншікті қаражатымен мандатты қоса қаржыландыру және қаражаттың бір бөлігін өтімділікті арттыру мақсатында Сингапурдың капитал нарығына инвестициялау талабымен басқаруға шамамен 20 млрд. АҚШ долларын ұсынды.

Сингапурдың аумағында сыртқы БК оқшауландыру процесін салықтық ынталандыру шегінде MAS инвестициялық БК-нің градациясын енгізді. Мәселен, MAS БК 2-санатына жатқызылған БК (Approved fund managers) кез келген активтерді басқарудан түсетін комиссияларға, сондай-ақ кірістің басқа түрлеріне (мысалы, қаражатты инвестициялау бойынша консультация беру) жеңілдігі бар 10 %-дық салықты алды. Сондай-ақ, MAS сыртқы инвесторлардың 3 млрд. АҚШ долларынан асатын қаражатын Сингапурдан басқаратын сыртқы БК үшін салық каникулдарын енгізу мүмкіндігіне бастама да жасады. MAS осындай компанияларды БК 1-санатына жатқызды.

MAS деректері бойынша, аталған шараларды іске асыру нәтижесінде (активтерді басқару нарығын дамытудың басқа бағыттарымен қоса) 2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша Сингапур қаржы орталығының аумағында 300-ден астам халықаралық БК оқшауландырылды, олардың басқаруында 1,4 трлн. АҚШ доллары бар. Бұл ретте БА-ның 20 %-ы ғана оқшауландырылған жерден шыққан.

## **2.6 "Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару нарығын дамыту – Private Banking" қосымша бағыты**

Private Banking – жеке тұлғалардың әл-ауқатын кәсіби басқару – клиенттердің ауқатты әрі бақуатты сегменттеріне жинақ, сол сияқты инвестициялық сипаттағы

қаржылық қызметтердің жиынтығын ұсыну. Private Banking нарығын дамыту АХҚО-ны дамытудың қосымша бағыты болып табылады. Бұл бағытты дамыту әлеуеті сапалы ұсыныстар жасау (халықаралық ойыншыларды оқшауландыру, қазақстандық қаржы институттарының халықаралық ойыншылармен және жергілікті инвестициялық компаниялармен әріптестігін ынталандыру, қызметкерлерді оқыту және оларға сертификат беру арқылы) және банктік құпияны қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылатын Private Banking қызметтеріне сұраныстың жандануымен байланысты.

Private Banking дамыту активтерді басқару бойынша нарықты және сараптаманы дамытумен байланысты жүргізілетін болады. Активтерді басқару нарығын дамытумен байланыс Private Banking нарығында халықаралық ойыншыларды оқшауландыру қажеттілігіне негізделген, оны көбінің Private Banking бөлімшесі бар активтерді басқару жөніндегі халықаралық компанияларды бірлесе отырып оқшауландыруды жүзеге асыруға болады. Private Banking бөлімшесінің болуы активтерді басқару жөніндегі компанияны таңдау үшін критерийлердің бірі болуы мүмкін.

### **2.6.1 Стратегиялық бағытқа шолу**


Қазақстан халқының едәуір жинақтаған қаражаты бар. Datamonitor бағалауы бойынша, ауқатты (өтімді активтері 50 мың АҚШ долларынан 1 млн. АҚШ долларына дейін) және бақуатты клиенттер (өтімді активтері 1 млн. АҚШ долларынан асатын) сегменттерінің өтімді активтері ел ішінде 2014 жылы 32 млрд. АҚШ долларын құраса, 2006 – 2014 жылдар өсу қарқыны – 18 % болды. Бұл ретте, сарапшылардың бағалауы бойынша жыл сайын елден 8,2 млрд. АҚШ долларына жуық жеке жинақ ақша әкетіледі

Ауқатты клиенттер сегментін, ауқатты клиенттерге қызмет көрсету бойынша халықаралық компанияларға (Private Banking) қолжетімсіздік танытқан, ағымдағы сәтте Қазақстанда шамамен 22 млрд. АҚШ доллары болатын өтімді активтер жинақталды. Қаражат негізінен депозиттерге бағытталады, бұл, бір жағынан, мұндай жинақ ақша түрінің салыстырмалы түрде жоғары қорғалуы мен инвестициялық қайтарымдылығына және екінші жағынан, нарықтағы инвестициялық өнімдердің шектеулі ұсынысына және тиісінше, қаржы нарығының құралдарына инвестициялаудың өте шектеулі мүмкіндіктеріне (капиталды сақтаудың нақты баламасы - жылжымайтын мүлікке инвестициялау немесе активтерді шетелдік нарықтарда инвестициялау үшін шетелге шығару) байланысты орын алады.


Бақуатты клиенттер сегментінің дәулеті басым түрде шетелде болады және оларға халықаралық банктер қызмет көрсетеді. Datamonitor бағалауы бойынша 2014 жылы тек 10 млрд. АҚШ доллары болатын өтімді активтер Қазақстанда қалды. 2014 жылғы

қыркүйекте басталған капиталды жария ету және 2017 жылы жоспарланып отырған халықтың кірісін жалпы декларациялауды енгізу, сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстанға 5 – 6 млрд. АҚШ долларына жуық қаражатты қайтаруға мүмкіндік береді.

7-сурет. Қазақстанның ауқатты және бай клиенттері сегменттерінің жинақталған дәулеті



8-сурет. Ауқатты және бай клиенттер сегменттерінің Қазақстанда өтімді активтерінің өсу болжамы




Ресей Федерациясының нарығы өңірлік деңгейде неғұрлым тартымды болып табылады. Ресей Федерацияның ішінде ауқатты және бай клиенттер сегменттерінің өтімді активтері Datamonitor бағалауы бойынша шамамен 824 млрд. АҚШ долларын құрайды. Бұл ретте елден жария түрде 200 млрд. АҚШ долларына жуық қаражат

шығарылды; көлеңкелі секторды ескере отырып бұл бағалау 1 трлн. АҚШ долларына дейін жетуі мүмкін.

Көрші Орталық Азия және Солтүстік Кавказ (бірінші кезекте Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан) елдері клиенттерінің дәулеті Қазақстанның әлеуетті клиенттері дәулетінің 25 %-ын құрайды.

9-сурет. Қазақстандағы және көрші елдердегі клиенттер дәулетінің арақатынасы



Қазақстан мен көрші елдер халқының айтарлықтай дәулетіне қарамастан, Private Banking бағыты елде іс жүзінде жоқ деуге болады. Қазақстандық қаржы мекемелерінің көбі ауқатты және бай сегменттер клиенттеріне үздік сервисі бар жалпы банктік өнімдер ұсынады. Қазіргі жұмыс істеп отырған жергілікті инвестициялық компаниялар тәуелсіз жұмыс істейді. Қазақстанның клиенттеріне қызмет көрсететін халықаралық Private Banking компаниялар оқшауландырылмаған. ТМД елдерінде және Қазақстанда бизнесті дамытуға жауап беретін клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджерлер, әдетте, Қазақстанға бас офис клиенттерімен жұмыс істеу үшін ұшып келіп, "көшпелі офис" моделі бойынша жұмыс істейді.

Қазақстанда Private Banking қызметтеріне сұраныстың төмендігінің негізгі себептері мыналар болып табылады:

1) банктік емес өнімдерді шектеулі ұсыну, сервис сапасының жоғары болмауы (шындығында дәстүрлі банк өнімдерін кезексіз ұсыну);

2) қаржы жүйесіне деген сенімсіздік және нарыққа қатысушылардың құқықтарын қорғау деңгейінің төмендігі;

3) аз хабардарлық және көлікке қолжетімділіктің шектеулігі (басқа елдердің клиенттері үшін).

Қазақстанда Private Banking дамуына:



1) шетелдегі капиталдың жоғары үлесі және оның салдары ретінде, ішкі нарықтың салыстырмалы түрде аздаған мөлшері;

2) қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігі (қолайлы қызметкерлер еңбегі құнының тым жоғары болуы) кедергі келтіреді.


## 2.6.2 Әлеует

**Ескерту. 2.6.2-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 21.08.2019 № 613 қаулысымен.**

Іс-шаралар жоспарында (қосымша) белгіленген "Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару нарығын дамыту" стратегиялық бағытының жеті негізгі іс-шарасын іске асыру Қазақстанда Private Banking нарығын қалыптастыруға, сараптаманы дамытуға, елден капиталдың әкетілуін қысқартуға және экономикаға шетелдік капиталды тартуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, халықаралық Private Banking компанияларын оқшауландыру, қазақстандық банктер мен халықаралық Private Banking компанияларының немесе қазақстандық инвестициялық компаниялардың арасында әріптестік құру, сондай-ақ сұранысты жандандыру перспективада жергілікті Private Banking нарығын қалыптастыра алады. Нәтижесінде инвестициялық өнімдердің ұсынысы мен Private Banking қызметтерін қалыптастыру 2025 жылға қарай ауқатты сегмент клиенттерінің қаражатын 2,5 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде тартуға мүмкіндік береді. Қосымша сұранысты жандандыру (Қазақстан азаматтарының капиталын репатриациялау, көрші елдер клиенттерінің қаражатын тарту) қосымша 5,9 млрд. АҚШ долларын тартады.

10-сурет. 2025 жылға қарай Private Banking бағытын дамытудың әлеуеті



Екіншіден, халықаралық Private Banking компанияларын оқшауландыру және Private Banking клиенттерімен жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту және сертификаттау бағдарламасын іске қосу жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару саласындағы сараптаманы қалыптастырады. Ұсынымдарды іске асыру банкирлермен және клиенттермен жұмыс жүргізу жөніндегі менеджерлер үшін 1000-ға жуық жұмыс орнын құруға мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, 2015 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңде жергілікті және оқшауландырылған банктердің ауқатты және бай сегменттері клиенттерінің қаражатын басқарудан түскен комиссиялық ақылар есебінен түсім Қазақстан Республикасының ЖІӨ-не 200 млн. АҚШ долларына жуық (кумулятивтік) үлес қосатын болады.

Сонымен бірге, халықаралық компанияларды оқшауландырумен және банктік құпияны күшейтумен байланысты бірқатар іс-қимыл 2025 жылға қарай Қазақстан азаматтары әкеткен ақша қаражатын 0,8 млрд. АҚШ доллар мөлшерінде Қазақстанға қайтаруға мүмкіндік береді.

*Үздік практика: Private Banking клиенттеріне қызмет көрсету кезіндегі мінез-құлық кодексі, Сингапур*

Private Banking клиенттеріне қызмет көрсету кезіндегі мінез-құлық кодексінің кәсіптік стандарттарды белгілеу, клиенттер үшін айқындылықты ұлғайту және Сингапурдегі Private Banking беделін нығайту мақсатында 2010 жылы құрылған The Private Banking Advisory Group нарығының көшбасшылар тобы әзірлеген болатын. Кодекс Сингапурдегі қызметті жүзеге асыратын және ауқатты клиенттер сегментіне қаржылық сервис ұсынатын қаржы институттарының құзыретіндегі және олардан күтілетін нарықтық әрекеттердегі озық тәжірибе стандарттарын белгілейді. Мінез-құлық кодексі мынадай тәсілмен құрылымдалды:

#### Құзыреті

1) Құзыреттерін бағалау: құзыреттерін міндетті түрде бағалау (өнімдерді білу және нарықтық іс-әрекетті қамтитын мәселелер

2) Тұрақты кәсіптік даму: бір қызметкерді кәсіптік дамыту үшін жылына кемінде 15 сағат (оның ішінде курстар, лекциялар, семинарлар, онлайн-курстар)

#### Нарықтық іс-әрекет

1) Кәсібилік: этикалық құндылықтар мен қағидаттардың сипатталуы, құндылықтарға байланысты тармақтарды жалдау шарттарына қосу қажеттілігі

2) Клиенттермен өзара қарым-қатынастарды басқару: "өз клиентіңді біл" стандарттарын, консультациялар өткізуді, ақпараттың, құпиялылық пен комплаенсты сипаттау

3) Операциялық модель: операциялық модельді енгізу жөніндегі нұсқау

Private Banking бағытын дамыту халықаралық банктерді Нұр-Сұлтанда орналастыруға және бірінші кезекте ауқатты клиенттер сегментіне негізделіп төрт кезеңмен өтетін болады.

"Жергілікті сараптама орталығы" кезеңінде. Активтерді басқаруды оқшауландыру шеңберінде халықаралық Private Banking компанияларының сату және консультация беру функцияларын оқшауландыру. Халықаралық банктермен әріптестікте ауқымды сегмент үшін Private Banking ұсыныс әзірлеуі. Амнистиялау шеңберінде жария етілген капиталды тарту.

"Қаржылық делдалдықтың жергілікті нарығы" кезеңінде. Оқшауландырылған активтерді басқару жөніндегі Private Banking бөлімшелерінің ауқатты клиенттер сегментіне, халықаралық банктердің – бай клиенттер сегментіне қызмет көрсетуі.

"Оқшауландырылған қаржы орталығы" кезеңінде. Жергілікті капитал нарығында клиенттердің қаражатын инвестициялауды бастау.

"Халықаралық қаржы орталығы" кезеңінде. Орталық Азия өңірі, Солтүстік Кавказ және ЕАЭО, ауқатты және бай сегментіне арналған Private Banking орталығы.

Private Banking өңірлік дамытудың жеке маңызды бағыты халқы этникалық жағынан Қазақстан халқына жақын, экономикалық қатынастар өте тез дамып келе жатқан, айтарлықтай дәулетті және осы дәулетті басқаруды оффшорландыруға ниеттенетін өңір ретінде Қазақстанға жапсарлас Қытайдың Синьцзян өңірінде жұмысты игеру болып табылады.

Құндылықтарды сақтау орталықтарының мысалдары:

Швейцария

1) Швейцарияда бес сақтау орны бар

2) Орталығы Женевада – ең танымалы бұрынғы астық сақтау орнының негізінде ашылған

3) Шағын бөлмені жалдау ақысы 12 мың долларға жуық

Люксембург

1) Еуроодақ аумағындағы жалғыз сақтау орны, 2014 жылы ашылған

2) Құндылықтарды сақтауға арналған (оның ішінде өнер бұйымдары, шарап, бағалы металдар, коллекциялық автомобильдер)

3) Порт логистикалық қызметтерге және жеке клиенттерге қызмет көрсету қызметтеріне қосымша ашылған

4) Портты ашу өнер айналасындағы экожүйені (оның ішінде қалпына келтіру қызметтері, аукциондық үйлер) дамытуға апарады деп күтілуде

Бейжің

1) Жоспарланатын әуежайдың жанында көлемі 83 мың шаршы метр құрайтын сақтау орнының құрылысы жоспарланып отыр

## **2.7 "Исламдық қаржыландыру нарығын дамыту" қосымша бағыты**

**Ескерту. 2.7-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

Исламдық қаржыландыру нарығын дамыту АХҚО-ны дамытудың тәуелсіз бағыты болып табылады. Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту нарықтың барлық элементтерін (сұраныс, ұсыныс және инфрақұрылым) іске қосуды талап етеді, капитал ағынын ынталандыруға бағытталған және ең алдымен, дәстүрлі банк сегментіне қосымша балама банк сегментін дамытуға байланысты орын алды.

Исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін өнімдерге сұранысты жандандыру халықтың хабардар болуын арттыру мақсатында маркетингтік науқандарды іске қосуды, сондай-ақ Қазақстанды исламдық қаржыландырудың әлемдік нарығында алға жылжыту бөлігінде мемлекеттік қолдауды талап етеді.


Исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін банк өнімдерінің танымалдылығын арттыруға бағытталған маркетингтік науқандарды (нысаналы аудиториясын, арналарды іріктеуді және ақпаратты жеткізу тәсілдерін бөліп көрсете отырып) әзірлеу және өткізу үшін мемлекеттік билік органдарының мүддесінде осыған ұқсас науқандарды әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу тәжірибесі, сондай-ақ маркетингтік зерттеулерді жүргізу тәжірибесі бар мамандандырылған халықаралық маркетингтік агенттікті тарту ұсынылады. Сондай-ақ Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып, отандық PR-компанияларды тарту қажет. Маркетингтік науқандарды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті қаражатының және/немесе ұлттық компаниялардың және/немесе жеке компаниялардың қаражаты есебінен жүзеге асыру ұсынылады.

Банк секторындағы ұсынысты жандандыру халықаралық ислам банктерін оқшауландыруды, капитал нарығында исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес мемлекеттік борыштың шығарылымын талап етеді. Инфрақұрылымды құру ислам банкінің депозиттеріне кепілдік беру мәселесін, дәстүрлі банкті ислам банкіне айналдыру тетігін қарауды, Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөнінде бірыңғай кеңес құруды қамтиды.


### **2.7.1 Стратегиялық бағытқа шолу**

Исламдық қаржыландыру – қаржы құралдарына және мәні исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін банктердің өнімдеріне және капиталдардың нарықтарына байланысты қызметтерді көрсету. Соңғы екі онжылдықта әлемдегі исламдық қаржыландыру өте шапшаң дамыды. 2013 жылға таман жиынтық активтер 1,6 трлн. АҚШ долларын құрады. Ислам банкингінің активтері болса, нарықтың 80 %-ын иеленді және жылына 40 % қарқынмен өсті. Исламдық қаржыландыру нарығы өте шоғырландырылған: исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін бес елдің активтері исламдық қаржыландырудың барлық активтерінің 79 %-ын құрайды: Малайзия (30 %), Сауд Арабиясы (20 %), Иран (14 %), БАӘ (9 %), Кувейт (6 %).

## 11-сурет. Исламдық қаржыландырудың әлемдік нарығының құрылымы



## 12-сурет. Исламдық банк активтерінің өсу қарқыны



Қазақстанда исламдық қаржыландырудың дамуы бастапқы кезеңде: Қазақстан халқы исламдық қаржыландырудың мәніне қатысты толық хабардар етілмеген, корпоративтік клиенттерге қызмет көрсететін бір ислам банкінің ұсынысымен шектелген, білікті кадрлардың едәуір жетіспеушілігі орын алып отыр.

Соған қарамастан, Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту әлеуеті бар. 2009 жылғы халық санағына сәйкес халықтың 70 %-ы өздерін мұсылмандар қатарына жатқызады. Gallup Poll 2010 пікіртеріміне сәйкес Қазақстан халқының 43 %-ы дін күнделікті өмірде маңызды орын иеленеді деп санайды. Бұл көрсеткіш мәні Малайзияда – 96 %, Сауд Арабиясында – 93 %, БАӘ-де – 91 %, Түркияда – 82 %. Қазақстан мұсылмандарының шамамен 10 %-ы кез келген жағдайларда және шамамен

15 %-ы дәстүрлі банктер ұсынатын талаптардан нашар болмаған жағдайда исламдық қаржыландыру өнімдерін сатып алуға дайын. Мұсылман халқының тағы да 75 %-ын тарту дәстүрлі өнімдермен салыстырғанда барынша тартымды талаптардың берілуін талап етеді.

Сонымен қоса, исламдық қаржыландыруды дамыту бөлігінде оның өнімдері үшін мақсатты аудитория енді ғана үйреніп келе жатқан мұсылман халқы емес, барлық " банктің қызметіне жүгінетін" халық болып табылатындығы маңызды түсінік болып табылады.

### 13-сурет. Исламдық өнімдердің енуі



Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытуға тосқауыл қоятын негізгі факторлар халықтың аз ақпарат алуы, исламдық қаржыландыру нормалары бойынша реттеуге жеткіліксіз түрде бейімделуі, дәстүрлі банктердің исламдық өнімдерді сатуына тыйым салынуы, сондай-ақ мемлекет тарапынан ислам банкінің депозиттеріне кепілдіктің болмауы болып табылады.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту үшін 2020 жылға банк активтерін 3 – 5 % жеткізу мақсаты белгіленді. Халықаралық тәжірибеге сәйкес бұл мақсат барынша үлкен мақсатқа жатады:


1) Түркия банк активтерінің үлесін 10 жыл ішінде 1,6 %-дан 5,1 %-ға дейін ұлғайтты;

2) Малайзия 17 жыл ішінде бірінші ислам банкі негізінің қалануынан бастап 6,9 %-ға жетті.

Соған қарамастан, ақпараттық технологиялардың заманауи нарығын және Қазақстанның банк активтерінің көлемін дамытуды ескерсек, 2020 жылға Қазақстанның банк активтерін 3 – 5 %-ға жеткізу мақсаты қол жетерлік мақсат болып

табылады. 2020 жылға таман Қазақстанның банк активтерінің 5 %-ы шамамен 9,4 млрд. АҚШ долларын құрайды. Төрт банк жұмыс істеген кезде бір банктің активтері орташа алғанда 2,3 млрд. АҚШ долларын құрауға тиіс. Салыстыру үшін Түркиядағы ислам банктерінің активтері 7 – 12 млрд. АҚШ долларын құрайды.

14-сурет. Түркияда және Малайзияда исламдық қаржыландыруды дамыту




## 2.7.2 Әлеует

Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (қосымша) белгіленген "Исламдық қаржыландыру нарығын дамыту" стратегиялық бағытының негізгі жеті іс-шарасын іске асыру халыққа қосымша қаржыландыру мүмкіндігін бере отырып және халықтың банк өнімдеріне қолжетімділігін (бірінші кезекте енді ғана үйреніп келе жатқан мұсылман халқына) қамтамасыз ете отырып, Қазақстандағы исламдық қаржыландыру нарығын дамытуға және инвестициялардың Қазақстан экономикасына келіп түсуін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі банктердің исламдық өнімдерді ұсынуымен бірге халықаралық исламдық қаржы институттарын оқшауландыру, халықтың хабардар болуын арттыру және заңнама жобасын жасау мүмкіндігін қарастыру, өңірлік деңгейде дамыту үшін негіз болатын исламдық қаржыландырудың қазақстандық нарығын құруға мүмкіндік береді. 2025 жылға таман исламдық қаржыландыру активтерінің көлемі әлеуетті түрде 45,8 млрд. АҚШ долларын құрауы мүмкін. Олардың ішінде банк жүйесінің активтері – 36,6 млрд. АҚШ доллары, бұл шамамен алғанда, 2025 жылы Қазақстанның барлық банк активтерінің 10 %-ын құрайды.

2025 жылға таман капитал нарықтарының (сукуктар мен қорлар) көлемі 9,2 млрд. доллар мөлшерінде жоспарланып отыр.

15-сурет. 2025 жылға қарай Қазақстандағы исламдық қаржыландыру активтері



Жалпы алғанда, 2015 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде отандық және оқшауландырылған банктердің исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін өнімдерді сатудан түскен түсімі Қазақстан Республикасының ЖІӨ-ге 300 млн. АҚШ долларына жуық үлес қосады.

Сонымен қатар, Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту инвестициялардың келуіне ықпал етеді, жұмыс орындарының санын ұлғайтады және халықтың қаржылық сауаттылығын арттырады.

Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту нарықтың барлық элементтерінің (сұраныс, ұсыныс және инфрақұрылым) іске қосылуын талап етеді және төрт кезеңнен тұратын болады.

"Сараптаманың жергілікті орталығы" кезеңінде. Дәстүрлі банктерге исламдық өнімдерді сатуын әзірлеу және рұқсат беру, ислам банкінің депозиттеріне кепілдік беру, меншік құқықтарын беру кезінде қиындықтарды алып тастау. Халықаралық ислам банктерін оқшауландыру. Халықтың хабардар болуын арттыру. Исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес мемлекеттік борыштың бір бөлігін шығару.

"Қаржылық делдалдықтың жергілікті нарығы" кезеңінде. Халықтың хабардар болуын және халықаралық институттар мен инвесторлардың ақпарат алуын арттыру.

"Жергілікті қаржы орталығы" кезеңінде. Исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес инфрақұрылымдық өнімдер ретінде мемлекеттік борышты шығару. Қазақстан қор биржасында исламдық қаржыландыру өнімдерін шығару.

"Халықаралық қаржы орталығы" кезеңінде. Халықаралық нарыққа шығу.

## 2.8 "Қолайлы іскерлік орта құру" қолдаушы бағыты

### 2.8.1 "Қаржы орталығының арнайы мәртебесі"



**Ескерту. 2.8.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

Президенттің Жарлығына сәйкес қаржы орталығының мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылады. Әлемнің жетекші қаржы орталықтарына ұқсас АХҚО шеңберінде мынадай артықшылықтар болжанады:

1) Орталыққа қатысушыларды Орталықтың аумағында алынған кірістері бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуден және дивидендтер түрінде алынған кірістері бойынша, сондай-ақ Орталыққа қатысушылар қызметкерлерінің табыстары бойынша төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын төлеуден 10 жылға босату көзделеді;

2) Орталықтың қатысушылары Қазақстан Республикасының бейрезидент қызметкерлері үшін Орталықтың аумағында тауарларды сатып алған кезде қосылған құн салығын қайтару;

3) Орталық қатысушыларының шетелдік жұмыс күшін рұқсат және квота алмай тарту мүмкіндігі;

4) АХҚО аумағында визаларды, жұмысқа рұқсаттарды және басқа сұратуларды беру кезінде "бір терезе" қағидаты бойынша тіркеудің жеңілдетілген режимін енгізу қажет;

5) Орталықтың қатысушылары үшін өзге де жеңілдіктер мен артықшылықтар беру мүмкіндігі.

Бұл бағытты орындау жөніндегі іс-шаралар осы Іс-қимыл жоспарына қосымшада көрсетілген.

## **2.8.2 Құқықтық реттеу**

**Ескерту. 2.8.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

Құқық қолданудың айқын, түсінікті және жеткілікті түрде болжамды тәжірибесінің болуы нарыққа барлық қатысушылардың қандай да бір қаржы орталығына деген сенімін қалыптастыруға негіз болып табылады.

Халықаралық тәжірибе – реттеу жүйесі

Нью-Йорк, Лондон, Гонконг, Дубай, Сингапур, Торонто, Чикаго мен Сидней сияқты дүние жүзінің ең ірі және табысты қаржы орталықтарында реттеу жүйесі ағылшын құқығы деп аталатын қағидаттарға негізделген. Өнегелі ағылшын құқығының негізінде құрылған жүйе қаржы нарығына қатысушылардың көпшілігі үшін ең айқын жүйе болып табылады әрі нарыққа кіру үшін кедергілерді азайтады. "Егоров, Пугинский, Афанасьев и партнеры" ресейлік адвокаттық бюросының деректері бойынша Ресей аумағындағы қосу, қосып алу, жобалық қаржыландыру және шетелдік капиталды тарту бойынша күрделі әрі маңызды мәмілелерді құрылымдау үшін барлық жерде ағылшын құқығы пайдаланылады.

АХҚО-ның халықаралық инвесторлар мен компанияларды белсенді түрде тарта отырып, бәсекеге қабілетті өңірлік орталық ретінде толыққанды дамуы халықаралық құқық стандартын қамтамасыз етуді мүмкін емес. Мұндай стандарт АХҚО аумағында өнегелі ағылшын құқығының таралуымен, сондай-ақ нарыққа қатысушылар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары арасында дауларды қарау кезінде оны қолданумен қамтамасыз етілуге тиіс. Ағылшын құқығының қолданылуының оңтайлы үлгісі DIFC болып табылады және оның тәжірибесі АХҚО-да осындай жүйені қалыптастырған кезде қолдануға болады.

АХҚО аумағында Қазақстан Конституциясы шеңберінде ағылшын тілінде (әртүрлі оқылымды болдырмау үшін) және екі ұшты жағдайда ағылшын құқығындағы бастапқы дерек көзіне сілтеме жасалатындай, ағылшын құқығының үлгісі бойынша жасалған меншікті коммерциялық және азаматтық құқығы бар арнайы юрисдикцияны қалыптастыру соңғы үлгісі болуға тиіс.

АХҚО қатысушыларының құқықтарын қорғаудың міндетті элементі ағылшын құқығының юрисдикциялары елдерінде (Сингапур, Дубай, Гонконг) жұмыс істеу тәжірибесі бар білікті судьялармен қамтамасыз етілген тәуелсіз қаржылық сотты құру болып табылады.

Ағылшын құқығына негізделген АХҚО-ның тәуелсіз юрисдикциясы АХҚО субъектілері/қатысушылары қызметіндегі құқықтың негізгі бағыттарына: азаматтық, коммерциялық, корпоративтік құқыққа, құқықтық еңбек қатынастарын, бағалы қағаздар нарығын, сенімгерлікпен басқаруды реттеуде қолданылуға тиіс. Қазақстан Республикасының құқығы көші-қонға, қылмыстық құқыққа байланысты мәселелерге қолдануды жалғастыруға тиіс. Жаңа құқықтық жүйеге көшу, әрине, біршама күш жұмсау мен уақытты талап ететін процесс. Сондықтан, міндетті түрде аралық үлгіні қарастыру қажет. Оның екі нұсқасы бар:

1) Ағылшын юрисдикциясының бірімен "келісімшарт жасау", мысалы DIFC – DIFC қолданатын шарттардың үлгісі бойынша үлгі шарттарды әзірлеу және DIFC соттарында қатысушылардың дауларын қарау (енгізу үшін ең тез және шығыны орташа нұсқа);

2. Ағылшын құқығының нормаларын АХҚО қатысушыларына, ҰБ-ның ұсынымы бойынша Қазақстанның Үкіметі бекіткен тізбедегі операцияларды жүзеге асыратын, АХҚО-ның атқарушы органының тиісті тізіліміне енгізілген, АХҚО аумағында тіркелген заңды тұлғаларға қолдану. Бұл ретте АХҚО қатысушыларын айқындау және оларды тізілімге енгізу өлшемшарттарын жеке әзірлеп, бекіту қажет. АХҚО нормалары қолданылатын операциялар бойынша даулар осы тұрғыдан ағылшын құқығының шеңберінде қаралады.

Бұл бағытты орындау жөніндегі іс-шаралар Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында ұсынылды (қосымша).

### **2.8.3 Нарықтық және IT-инфрақұрылым**

**Ескерту. 2.8.3-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 21.08.2019 № 613 қаулысымен.**

Қаржы орталығының тиімді, теңгерімді және түсінікті инфрақұрылымы табысқа жету көзінің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан қор биржасының толыққанды қызмет ететін нормативтік-құқықтық базасы, биржаны жалпы басқару жүйесі, операциялық тәуекелдерді басқару жүйесі, инвесторлар, сондай-ақ эмитенттер үшін де ақпарат ашу бойынша пысықталған қағидалар мен рәсімдер, сондай-ақ реттеуші органдар үшін есептілік нысандарының толық түрлері бар.

IT технологиялар АХҚО-ның бәсекеге қабілеттілігінің сындарлы факторларының бірі болып табылады. Халықаралық стандарттарға сәйкес өнімділік пен жылдамдық, істен шығу және апаттарға қарсы тұрақты, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің жоғарғы деңгейіндегі заманауи дата-орталықтардың (ақпараттарды шоғырландыру, өңдеу және сақтау орталықтардың) тиімді инфрақұрылымын құру қажет.

Бір-бірімен жоғары жылдамдықтағы каналдар арқылы байланысқан Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында орналасқан ҰБ дата-орталықтары негіз болып табылады. Бұл ретте Алматы қаласында АХҚО-ның қатысушыларына өзінің қызметін ұсынатын деректер резервтік қоймасы орналастырылады. АХҚО-ға қатысушылардың транзакциялық шығындарын төмендету мақсатында халықаралық жоғары жылдамдықтағы байланыс каналдарын енгізу қажет.


Дегенмен, АХҚО-ның әзірленетін стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін осы Іс-қимыл жоспарына қосымшада ұсынылған нарықтық инфрақұрылым элементтерінің неғұрлым ауқымды аясы бойынша бірқатар іс-шараларды орындау қажет.

#### **2.8.4 Адами капитал**

Адами капиталды дамыту қаржы секторының табысты дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады, себебі ол қаржылық қызметтердің жоғары деңгейін және халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етеді. Жергілікті кәсіби қауымдастықты дамыту қосымша артықшылық береді, себебі ол, бір жағынан, қаржы қызметтерін жеткізушілердің шығасыларын қысқартады және, екінші жағынан, жергілікті нарықтың ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Басқа қаржы орталықтарындағыдай, адами капиталды дамыту АХҚО-ны дамыту үшін қажет, оған Қазақстанның қаржы нарығының қатысушыларына жүргізілген сауалнаманың нәтижесі дәлел болады: қатысушылардың 88 %-ы адами капиталды дамыту АХҚО-ны дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылатынымен келісті.

16-сурет. Қаржы орталықтарындағы адами капиталдың даму рейтингі



Қазақстанда адами капиталды дамыту деңгейі басқа қаржы орталықтарының деңгейінен қалыс қалып отыр. Оның үстіне, қаржы нарығының жеке бағыттарының нашар дамуы (мысалы, Private Banking, исламдық қаржыландыру) қазақстандық нарықта тиісті бағыттар бойынша сараптаманың жоқтығын білдіреді.

Осыған байланысты қаржы индустриясындағы адами капиталдың жалпы деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды (қосымша) іске асыру ұсынылады.

*Үздік практика: Сингапурда адами капиталдың дамуы, 2002*

Сингапурдың қаржы орталығын дамыту стратегиясы элементтерінің бірі адами капиталды дамыту болып табылады. Төменде 2002 жылы адами капиталды дамытуға байланысты негізгі іс-қимылдар келтірілген.

1-ұсыным. Оқытумен және тренингтермен байланысты бастамалардың мәртебесін көтеру:

1) Адами капиталды дамыту жөнінде мемлекеттік деңгейде жария ету, оның пайымын әзірлеу, мақсаттары мен талап етілетін нәтижелерін белгілеу

2) Адами капиталды дамытумен айналысатын мамандардың санын ұлғайту

3) Ең төменгі стандарттарды қайта қарау

4) Сертификаттау жүйесін енгізу

5) Қаржы нарығына қатысушылардың қауымдастықтарын тарту 2-ұсыным. Сингапурдың білім беру саласындағы халықаралық мәртебесін көтеру:

1) Сингапурды танымал сертификаттау жүйесі, жоғары оқыту сапасы, зерттеулер мен тренингтер жүйесі бар алдыңғы қатарлы білім беру орталығы ретінде таныстыру

## 2.8.5 Ішкі және сыртқы логистика


**Ескерту. 2.8.5-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 21.08.2019 № 613 қаулысымен.**

Тармақталған өңірлік жүрдек көлік магистральдарының, көлік инфрақұрылымы мен қалалық қоғамдық көліктің заманауи нысандарының болуы, сондай-ақ жергілікті әуежайдан жолаушылар үшін кең және ыңғайлы халықаралық ұшулар географиясы қаржы орталығына іскери белсенділіктің ағымын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттың бірі болып табылады.

*Халықаралық тәжірибе – қоғамдық көлікті ұйымдастыру*

"Әбу-Дабидің метросы 4 бағыт пен 82 станцияны қамтиды (қосымша 2 станцияның құрылысы жүріп жатыр). Сингапурдың метросына 5 бағыт пен 107 станция кіреді. Бұған қоса, Әбу-Даби мен Сингапурдың метроларымен қаладан әуежайға тікелей жетуге болады. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында метро жоқ.

17-сурет. Нұр-Сұлтаннан және бәсекелес қаржы орталықтарынан тікелей әуе рейстерінің санын салыстыру



Мәселен, қаржы секторының кәсіби ойыншыларының 70 %-ы АХҚО-ның одан әрі дамуы үшін ішкі және сыртқы көлік-логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігін атап өтті.

Осы орайда АХҚО-ны дамыту үшін Іс-қимыл жоспарына қосымшада көрсетілген және Нұр-Сұлтанның өңірлік және халықаралық көліктік қолжетімділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды іске асыру қажет.

*Халықаралық тәжірибе – әуе қатынасын ұйымдастыру*

Air Astana компаниясы салыстырмалы түрде аз ғана авиамаршруттарға қызмет етсе (28), Әбу-Даби (Etihad) мен Сингапурдың (Singapore Airlines және 67 бәсекелес авиатасымалдаушылары) негізгі авиакомпаниялары тиісінше 100-ден және 60-тан астам географиялық бағытта ұшады. Нұр-Сұлтан қаласы әуежайының инфрақұрылымы

мен ұйымдастырылуы жыл сайынғы жүктемені (бұл ретте жүктеме аса көп болғанда ұзақ-сонар кезек пайда болады) қинала орындайды. Әбу-Даби мен Сингапурдың әуежайлары арқылы жыл сайын тиісінше 15 және 50 млн. астам жолаушы өтеді.

## **2.8.6 Қалалық және әлеуметтік инфрақұрылым.**

**Ескерту. 2.8.6-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530; 21.08.2019 № 613 қаулыларымен.**

Дамыған қалалық және әлеуметтік инфрақұрылым қаржы орталығын дамытудың маңызды факторы болып табылады. Халықаралық компаниялар, білікті шетелдік мамандар мен олардың отбасылары бизнестерін оқшауландыруды, заманауи және жоғары сапалы қалалық және әлеуметтік инфрақұрылымы бар агломерацияларда тұрып, жұмыс істеуді қалайды.

Басқа қаржы орталықтарымен бәсекеге төтеп беру үшін Нұр-Сұлтан қаласына қалалық және әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту мәселесіне ұзақ мерзімді тұрғыдан қарап, сондай-ақ бұл процесті АХҚО-ны дамытумен қатар алып жүру қажет.

Президент Жарлығына сәйкес ЭКСПО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында АХҚО орналастыру жоспарлануда. Осы тұрғыдан алсақ аумақтың инфрақұрылымы толық дербес агломерация ретінде АХҚО дамытуда озық фактор болып табылады. Көрме аумағы құрылысының бас жоспарына сәйкес тұрғызылған ауданда офистік, сауда, тұрғын және сервистік инфрақұрылымдар болады. Көрме аумағында бес жұлдызды қонақ үй тұрғызу жоспарлануда, сонымен қатар ол тұрғын аудандармен шектесетін болады.

Көрмені өткізу аяқталғаннан кейін ЭКСПО-2017 көрмесінің жекелеген объектілерін АХҚО жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін беру жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ Орталықтың атқарушы органын (АХҚО акционерлік қоғамы), реттеушіні (Орталықтың Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетін), Орталықтың қаржы сотын және оның қатысушыларын 2 жылға дейінгі мерзімге жалдау ақысынан босата отырып орналастыру үшін офистік үй-жайлар дайындау жоспарланып отыр. Сондай-ақ АХҚО академиясын көрме аумағына орналастыру жоспарлануда.

Сонымен қатар АХҚО юрисдикциясына "Әбу-Даби Плаза" көпфункционалды кешенін қосу мәселесі қаралатын болады, ол қаржы орталығы аумақтарының жалпы санын ұлғайтуға, оның юрисдикциясының шегін Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік-әкімшілік ауданына жақындата отырып, АХҚО-ның көлік инфрақұрылымын біріктіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ DIFC ұқсас үлгі бойынша үйлесімді сәулет ансамблін жасайды.

Әлемнің негізгі халықаралық қаржы орталықтарымен авиақатынастарының болуы халықаралық қаржы орталығының табысты жұмыс істеуінің негізгі факторы болып

табылады. Қазіргі кезде Нұр-Сұлтан Майндағы Франкфурт, Лондон, Токио, Әбу-Даби, Дубай, Бейжің, Сеул, Ыстамбұл, Париж және Мәскеу қалаларымен тікелей авиақатынас орнатқан. Женева, Гонконг, Сингапур, Шанхай қалаларымен тікелей авиақатынас қажет.

Орталықты халықаралық әуежаймен, тұрғын үй, сауда және ойын-сауық аймақтарымен, сондай-ақ қызмет көрсету орталықтарымен көлік арқылы біріктіру оның жұмыс істеуі үшін маңызды жағдай болып табылады. ЭКСПО – 2017 даму жоспары қаланың әкімшілік-іскерлік орталығын елорданың халықаралық әуежайымен жүрдек көлікпен тікелей біріктіруді білдіреді.

Елорда әуежайының ауданы 40 шаршы метр қосымша терминалын салу 2015 жылға жоспарланды. Жаңа терминалдың жұмысы өткізу қабілетін екі есеге дерлік ұлғайта алады. Қазір ол қарбалас уақытта 750 жолаушыны құрайды. Болашақта бұл көрсеткіш сағатына 1375 адамға ұлғаяды.

Дамыған қонақ үй инфрақұрылымының болуы қаржы орталығының дамуына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Қазақстанда бұдан әрі туристік саланы қалыптастыру және дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет, бұл дәлірек айтқанда қонақ үй бизнесін жандандыруға, туристерге, сонымен қатар қаржы орталығының қатысушыларына қызмет көрсетуге бағытталған жаңа қонақ үйлердің салынуына апаратын.

Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың бас жоспары шеңберінде қалалық және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған бірқатар бастамалар іске асырылғанын атап өту қажет. Сонымен бірге АХҚО-да тұрақты жұмыс істеу және Нұр-Сұлтанда тұру үшін жоғары білікті мамандарды тарту мақсатында Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (қосымша) ұсынылған әлеуметтік және қалалық инфрақұрылым объектілерін одан әрі дамыту және жаңғырту саласында іс-шаралар кешенін жүзеге асыру қажет.

### **2.8.7 АХҚО-ны дамытудың басқа факторлары**

Қаржылық, әлеуметтік, қалалық және өзге де қоғамдық қайта ұйымдастыруларды қамтитын ұзақ мерзімді жоба ретінде АХҚО-ны құру мен дамыту бойынша іс-қимыл жоспарын іске асыру АХҚО-ның өсуіне тікелей ықпал ететін бастамаларды енгізу сияқты оның одан әрі дамуына тосқауыл болатын негізгі кедергілерді жоюмен де байланысты.

Осы орайда, АХҚО-ны дамыту шеңберінде мынадай өзгерістер жүргізу ұсынылады:

1. АХҚО аумағында білікті мамандарды тарту, репатриациялау және оқшауландыруға ықпал ету:

1) "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрып жатқан азаматтарға/

АХҚО қатысушыларына шетелдік білікті мамандарға АХҚО аумағында оқшауландырудан қосымша артықшылық ұсыну үшін жергілікті жылжымайтын мүлікті сатып алу және инвестициялау құқығын беру бөлігінде өзгерістер енгізу.

2. Жаңа нысаналы аудиторияның қазақстандық капитал нарығына шығуын ынталандыру:

1) тұрғындардың қаржылық сауаттылығын көтеру, капитал нарықтарында бөлшек сегменттің өсуі есебінен өтімділікті біртіндеп өсіру мақсатында жеке тұлғаларға Қазақстан қор биржасының алаңында банк депозиттері мен валюталық операциялар бойынша электрондық аукцион ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру.

### **3. АХҚО құру мен дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру**

**Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 21.08.2019 № 613 қаулысымен.**

Іс-қимыл жоспарын іске асыру – көптеген бастамаларды орындауды және мемлекет тарапынан да, іскер топтар тарапынан да, көптеген қатысушылар санын тартуды талап ететін ұзақ мерзімді жоба.

Жобаның табысты болуы қатысушылардың әрқайсысының күш салуына тікелей байланысты болғанымен, жұмылдырылған көптеген тараптар үшін АХҚО-ны дамыту негізгі функция болып табылмайды. Осылайша, қойылған міндеттерді толық орындамау, жоспарланған мерзімдерді сақтамау және соның салдарынан Нұр-Сұлтан қаласында қаржы орталығын құрудың жалпы мақсатына қол жеткізбеу тәуекелі бар.

Сондықтан көрсетілген іс-әрекеттерді іріктеп, жеке-жеке емес, іс-қимыл жоспарының бүкіл аясы бойынша кешенді енгізу Іс-қимыл жоспарын табысты іске асырудың ең маңызды факторы болып табылады.

Нарыққа қатысушылардың пікірі

2014 жылғы күзде пікіртерімнен өткен Қазақстан Республикасы қаржы секторының қатысушыларының 90 %-ының пікірі бойынша мемлекет және бизнес тарапынан біршама күш салу талабымен ғана АХҚО дамыту мақсаттарына қол жеткізуге болады.

"Мен ең жоғары деңгейдегі күшті саяси жігерсіз АХҚО дамыту өте қиын болатынына сенімдімін".

Қазақстанда орындалмайтын міндеттер жоқ: мен Нұр-Сұлтан 10 жыл ішінде қандай болғанын көргенде, бәріде мүмкін екенін түсінемін. Үш нәрсе: жігер мен ең жоғарғы деңгейден қолдау, барлық атқарушы органдар үшін міндеттер бірлігі, кәсіби мамандар қажет.

Іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі осындай іс-шараларды осы құжаттың қосымшасынан қараңыз.

#### **3.1 АХҚО құрылымы және оны басқару**



**Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының қаржы секторын реттеудің қалыптасқан құрылымын қоса алғанда, қаржы орталықтарының қызметін (бірінші кезекте, стихиялы емес, мақсатты құрылған (Сингапур, Дубай) реттеудің озық сыртқы тәжірибесін және ішкі алғышарттарды талдау негізінде базалық ұсынымдар айқындалды, оларды ұстану АХҚО тиімді құрылымын және басқару жүйесін қалыптастыру үшін міндетті болып табылады:

- 1) жан-жақты үйлестірілген мемлекеттік қолдау;
- 2) тиімді кері байланыс және АХҚО резиденттерінің заңды мүдделерін қорғау.

Көрсетілген ұсынымдарды ұстану үшін мынадай АХҚО басқару құрылымын қалыптастыру ұсынылады:

1) АХҚО жоғары басқару органы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті жанынан АХҚО дамыту жөніндегі ұлттық кеңесті құру;

2) АХҚО дамыту жөніндегі ұлттық кеңес жанынан оған Іс-қимыл жоспарын іске асыру барысына жедел бақылауды жүзеге асыратын жобалау офисінің функцияларын жүктей отырып жұмыс тобын құру;

3) жұмыс органын айқындау – "Астана" халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі" акционерлік қоғамын;

4) Орталықтың Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетін құру.

Қазақстанның ЕАЭО қатысуы шеңберінде сондай-ақ АХҚО ЕАЭО елдерінің қаржы нарығын реттеу жөніндегі ұлттықтан жоғары органды орналастыру бойынша жұмысты жүргізу жоспарланып отыр.

АХҚО дамыту жөніндегі ұлттық кеңестің құзыретіне Орталықты ұзақ мерзімді перспективада дамытудың негізгі бағыттарын бекітуді, Орталықтың дамуына ықпал етуге уәкілетті барлық билік органдарының қызметін үйлестіруді және АХҚО-ны құру мен дамыту жөніндегі Іс-қимыл жоспарын іске асыру барысын бақылауды жатқызу қажет.

"Астана" халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі" акционерлік қоғамының негізгі міндеттеріне АХҚО қызметін және АХҚО басқаруды қамтамасыз етуді жатқызу қажет, оның ішінде:

1) АХҚО бекітілген стратегиясын іске асыру, қағидаларды, саясатты әзірлеу, АХҚО қатысушыларының тізілімін жүргізу;

2) халықаралық бизнес-қоғамдастықта АХҚО жағымды бейнесін қалыптастыруға бағытталған маркетингтік саясатты әзірлеу және іске асыру, әріптестік құру, АХҚО өңірлік және халықаралық деңгейде ілгерілету;

3) АХҚО аумағында оқшауландыру үшін әлеуетті қатысушыларды іздестіру және тарту;

4) "бір терезе" режимінде АХҚО болашақ резиденттерін оқшауландырудың барлық аспектілерін кешенді сүйемелдеу;

5) АХҚО қатысушыларына лицензия беруге өтінім, визалық қолдау, ықтиярхат беру, офистік орналастыру процесіне жәрдемдесу;

6) кері байланысты қамтамасыз ету және АХҚО жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды қалыптастыру үшін АХҚО қатысушыларының қызметіне мониторинг жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісу бойынша АХҚО инфрақұрылымын құрайтын мүліктік кешеннің (АХҚО Академиясы, АХҚО рейтингтік агенттігі, АХҚО Академиясы негізіндегі мамандандырылған білім беру қоры және басқалары) қызметін басқару және үйлестіру;

8) халықаралық қаржы орталықтарын басқару, аудит жүргізу саласында және басқа салаларда басшы лауазымдарға жоғары білікті шетелдік қызметкерлерді тарту.

Акционерлік қоғамның жоғары лауазымды адамының рөліне әлемдегі бір немесе бірнеше қаржы орталықтарында ұқсас жобаларды іске асыру тәжірибесі бар жоғары буындағы шетелдік маманды шақыру ұсынылады.

Қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада көрсетілген орган Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ведомстволық бағынысты институт ретінде жұмыс істеуге тиіс. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді перспективада басқару тиімділігін арттыру және қатысу географиясын кеңейту шеңберінде орган құрылтайшыларының құрамына жергілікті нарықтың жетекші ойыншыларын және/немесе қаржы орталығының өкілдерін – АХҚО-ның әлеуетті әріптесін (мысалы, Дубай, Сингапур, Стамбул және тағы басқа) қосу туралы мәселені қараған жөн. Сонымен қатар өзара іс-қимылды реттеу және АХҚО-ны халықаралық деңгейде ілгерілету үшін әлемнің жетекші халықаралық қаржы орталықтарында АХҚО акционерлік қоғамының өкілдіктерін ашу мүмкіндігі қаралады.

Dubai Financial Services Authority (DFSA) сияқты АХҚО субъектілерін реттеумен Орталықтың Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті айналысуға тиіс. Бұл Комитет қаржы реттеушісінің, қаржы нарығының барлық секторларын қадағалау функцияларын жүзеге асыратын болады, АХҚО қатысушылары үшін нормативтік-құқықтық базаны әзірлеумен айналысады, лицензиялауды жүргізеді, сондай-ақ АХҚО қатысушыларының Комитет талап ететін жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

18-сурет. АХҚО институционалдық құрылымы



АХҚО-ның негізгі институттарының жұмыс істеу ерекшеліктері:

- 1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.
- 2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.

3) АХҚО-ның қаржы соты – Орталық қатысушыларының арасындағы азаматтық және коммерциялық дауларды қарайтын, ағылшын прецеденттік құқығына негізделген тәуелсіз сот органы, сондай-ақ АХҚО Халықаралық төрелік орталық;

4) ҰБ Магистратурасы және АХҚО Академиясы – АХҚО қатысушыларының кадрларды даярлау және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың негізгі оқшау институттары;

5) Рейтингік агенттік – АХҚО-ның негізгі рейтингтік агенттігі болатын өзін-өзі реттейтін ұйым. Агенттік бір немесе бірнеше халықаралық рейтингтік компаниялармен немесе үлкен халықаралық үштікпен (Moody's, S&P, Fitch және басқалар) серіктестікпен құрылуға тиіс және АХҚО қатысушылары үшін ғана емес, сол секілді жеке кәсіпкерлік субъектілеріне де қызметтер көрсетуге тиіс ҰБ-ның еншілес ұйымы "АХҚО" рейтингтік агенттігі" АҚ базасында қайта құрылуға тиіс;

6) АХҚО-ның мамандандырылған білім беру қоры – АХҚО қатысушыларының біліктілік деңгейін көтеру, тренингтер, курстар, тағылымдамалар ұйымдастыру, қызметкерлерді өңірдің және әлемнің ең озық оқу орындарында даярлау үшін құрылатын арнайы қор. Осы АХҚО Академиясы негізіндегі білім беру қорын жұмыс істеп тұрған Бахрейндегі Банк ісі және қаржы институтының (BIBF) үлгісі бойынша ұйымдастыру қажет. BIBF Бахрейн Орталық Банкі (CBV) реттейтін банктердің және қаржы ұйымдарының қызметкерлеріне білім беруге арналған жыл сайынғы шығыстар сомасының 1 %-ын бөлу есебінен қаржыландырылады. Өз кезегінде, нарыққа

қатысушылар білім беру қорының көрсетілетін қызметтерін тиімді және жеңілдікті талаптармен пайдалана алады.

Қазақстан тауар биржалары өзінің маңызды рөлін негіздейтін қызмет ауқымының болмауынан АХҚО-ны дамыту жоспарына кірмейді. Ауқым тиімділігі тауар биржасы табысының негізгі факторы болып табылады. Қандай да бір табысты жаһандық тауар биржасы орналасатын аумақтағы ел қандай да бір тауарлар тобына сұраныс-ұсыныстың жаһандық теңгерімінен кемінде 5 % тауар көлемін (мұнай, металдар, астық) импорттауға немесе экспорттауға тиіс. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) деректері бойынша, сұраныс пен ұсыныстың жаһандық теңгерімі 2013 жылы 713.2 миллион метр тонна болды, Қазақстан жыл сайын 13.9 миллион тонна өндіреді (шамамен жаһандық теңгерімнен 2 %). Осы өлшем бойынша Қазақстан жаһандық деңгейде бәсекеге түсе алмайды. Дегенмен, өңірлік ауқымға (Орталық Азия елдеріне) бағытталған тауар биржасы үшін және тек белгілі бір тауарлар тобы бойынша (мұнай өнімдері мен астық) айқындалған әлеует бар. Тауар биржалары табысты дамуы және жергілікті ауқымда елеулі маңызға ие болуы үшін дамудың басты үш алғышарты орындалуы қажет:

1) Негізгі тауар санаттарына – биржаның базалық активтеріне (бірінші кезекте мұнай өнімдері мен астыққа) белгіленетін бағаларды мемлекеттік реттеуді ырықтандыру;

2) Стандартталған келісімшарттарды және мүмкін болған жерлерде орталықтандырылған төлем схемаларын енгізу;

3) Көлемдерді шоғырландыру кезінде нарықтың өтімділігін қамтамасыз ету үшін сауда-саттық көлемін арттыру.

АХҚО-ның жұмысын қамтамасыз ету мақсатында мынадай іс-шаралар көзделеді:

1) АХҚО 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында орналастыра отырып, оның 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) ұйымдарды 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында іс жүзінде орналастыра отырып, оларды 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап АХҚО-ның қатысушылары ретінде тіркеу шараларын қабылдау;

3) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің жекелеген объектілерін АХҚО жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жалдау ақысынан 2 жылға дейінгі мерзімге босата отырып беру, сондай-ақ Орталықты және оның қатысушыларын орналастыру үшін кеңсе үй-жайларын дайындау жөнінде шаралар қабылдау.

### **3.2 Жобаны басқару офисін ұйымдастыру және Іс-қимыл жоспарының іске асырылуын бақылау**

Жобаны басқару офісі (Project Management Office, бұдан әрі – ЖБО) атқарушы орган басшысының тікелей бағынуындағы АХҚО (ҰБ-ның жанындағы АХҚО-ның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі акционерлік қоғам) дамытудың атқарушы органы шеңберінде операциялық қызметті жүзеге асырады.

Мыналар АХҚО дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыруда ЖБО негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) жобаның барысына мониторинг жүргізу;
- 2) тартылған тараптар арасында өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету;
- 3) проблемаларды шешуге және тәуекелдерді анықтауға жәрдем беру;
- 4) Іс-қимыл жоспарын уақтылы түзету және сараптамалық қолдау көрсету;

5) АХҚО-ны дамыту мәселелері бойынша сыртқы және ішкі стейкхолдерлермен стратегиялық қарым-қатынастар орнату (АХҚО-ны дамыту жөніндегі атқарушы органның АХҚО-ға маркетингтік қызмет көрсетуге және бизнесті дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшесімен бірлесе отырып).

Осы міндеттерді орындау мынадай қағидаттарға сәйкес ЖБО ұйымдастыруға негізделеді:

1-қағидат. Жеткілікті түрде құзыреттері мен өкілеттіктері бар бөлек команданың болуы.

2-қағидат. ЖБО-ға мемлекеттік құрылымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін жеткілікті деңгейде жоғары мәртебе беру, қажетті бастамаларды іргерілету үшін тетіктермен қамтамасыз ету.

#### *ЖБО құрылымы*

АХҚО-ны дамыту бағыттарының әрқайсысы бойынша ЖБО толыққанды жұмысын қамтамасыз ету мынадай төрт бағыттың әрқайсысы үшін қызметкерлердің белгілі бір санын бөлуді талап етеді:

- 1) капитал нарықтарын дамыту;
- 2) нарықтарды дамыту және "Активтерді басқару" мен "Private Banking" бағыттары бойынша сараптамалар;
- 3) исламдық қаржыландыру нарықтарын дамыту;
- 4) қолайлы іскер ортаны құру.

АХҚО ЖБО бір мезгілде тиісті АХҚО-ны дамыту жөніндегі атқарушы органның және АХҚО-ны дамыту жөніндегі ұлттық кеңес жанындағы жұмыс тобының бір бөлігі болып табылады, оның құрамына АХҚО бағыттарын дамытуға жауапты тұлғалар, оның ішінде мүдделі мемлекеттік билік органдары басшыларының орынбасарлары кіреді. Бұл ЖБО мәртебесін көтереді және мемлекеттік құрылымдармен тиімді өзара әрекет етуге мүмкіндік береді, екінші жағынан, АХҚО-ны дамыту жөніндегі ұлттық кеңеске тікелей қол жеткізу есебінен проблемаларды шешуді жылдамдатуға мүмкіндік береді.

#### *ЖБО-ның нарық қатысушылармен өзара әрекет ету процесі*

ЖБО қызметкерлерінің тиісті бағытты дамытуға тартылған тараптармен өзара әрекет етуі қажеттілігіне қарай тұрақты негізде болады. ЖБО қызметкері жұмыс қорытындысы бойынша апта сайын бағыт бойынша Іс-қимыл жоспарының іске асырылу барысы және анықталған ұсыныстар, тәуекелдер және өзге ұйымдарға қойылатын талаптар туралы есеп жасайды және оны АХҚО-ны дамытудың атқарушы органының басшысына жібереді.

АХҚО атқарушы органының басшысы тұрақты негізде бағыттарды дамытуға жауапты тұлғалармен және тартылған тараптар – Іс-қимыл жоспарын іске асыруға жауапты ҰБ-ның және басқа ведомстволардың бөлімшелерімен ЖБО отырысын өткізеді. Кездесудің қорытындысы бойынша ЖБО қызметкерлерінен алынған мәселелер бойынша шешімдер қабылданады, қажет болғанда Іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізіледі және Іс-қимыл жоспарын іске асыру барысы туралы есеп жасалады.

АХҚО-ны дамыту жөніндегі ұлттық кеңестің отырыстары жылына кемінде 2 рет өткізіледі. Отырысқа дайындық шеңберінде хатшылық жобаның іске асырылу мәртебесі және Ұлттық кеңес тарапынан қолдауды талап ететін мәселелері туралы есеп дайындайды.

#### *ЖБО қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері*

ЖБО қызметкерлерінің міндеттеріне мынадай іс-қимыл кіреді:

- 1) бағыттарды дамыту барысының Іс-қимыл жоспарына сәйкестігіне мониторинг және тексеру жүргізу;
- 2) әлеуетті тәуекелдерді және Іс-қимыл жоспарына өзгерістерге қатысты ұсыныстарды жинауды жүзеге асыру;
- 3) тиісті бағыттарды дамытуға тартылған барлық тараптардың өзара әрекет етуін қамтамасыз ету;
- 4) бағыттардың жекелеген элементтерін және жалпы бағыттарды дамытуға қатысты халықаралық сарапшыларды тарта отырып, тиісті бағыт үшін сараптамалық қолдауды қамтамасыз ету;
- 5) АХҚО-ны атқарушы органының басшыларына Іс-қимыл жоспарын іске асыру барысы және анықталған ұсыныстар, тәуекелдер туралы хабарлау;
- 6) жобаның іске асырылу мәртебесі және АХҚО-ны дамыту жөніндегі ұлттық кеңес тарапынан қолдауды талап ететін мәселелері туралы есеп дайындау (оның ішінде басқа мемлекеттік құрылымдарға және қаржы нарығының қатысушыларына қойылатын талаптар, даулар және шешілмеген мәселелер, іс-қимыл жоспарындағы елеулі өзгерістер бойынша ұсыныстар);
- 7) АХҚО-ның негізгі әріптестерімен, инвесторлармен және журналистік қоғамдастықтың өкілдерімен (АХҚО-ны дамыту жөніндегі атқарушы органның АХҚО-ға маркетингтік қызмет көрсетуге және бизнесті дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшесімен бірлесе отырып) ынтымақтастық жасау.

ЖБО қызметкерлерінің міндеттерді тиімді орындауы оларға тиісті өкілеттіктер беруді талап етеді:

1) АХҚО бағыттарын дамытуға тікелей тартылған мемлекеттік органдардан, қаржы нарығының қатысушыларынан, АХҚО құрылымдарынан Іс-қимыл жоспарының орындалу барысы (мерзімдері), жоспардың орындалу мәртебесі (негізгі тиімділік көрсеткіштері (бұдан әрі – НТК), ресурстар) туралы ақпаратты сұрату және алу;

2) бағытты дамытуға тартылған тараптардың қатысуымен семинарлар өткізу және кездесулер белгілеу;

3) АХҚО-ны дамыту шеңберінде жекелеген іс-әрекеттерді орындау және мәселелерді зерделеу үшін мемлекеттік құрылымдардың, білім беру мекемелерінің, мемлекеттік компаниялардың қызметкерлерін, халықаралық сарапшыларды, мамандарды, ұйымдарды, оның ішінде шарттық негізде тарту туралы мәселені көтеру.

#### **4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Астана" халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді перспективаға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары**

**Ескерту. 4-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің және Қазақстан  
Республикасы Ұлттық Банкінің  
"Астана" халықаралық қаржы  
орталығын құру мен дамыту  
жөніндегі ұзақ мерзімді  
перспективаға арналған  
бірлескен іс-қимыл жоспарына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің және Қазақстан  
Республикасы Ұлттық Банкінің  
"Астана" халықаралық қаржы  
орталығын құру мен дамыту  
жөніндегі ұзақ мерзімді  
перспективаға арналған  
бірлескен іс-қимыл жоспарын  
іске асыру жөніндегі іс-шаралар  
жоспары

**Ескерту. Жоспар қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2016 № 530; өзгерістер енгізілді – 25.01.2019 № 18; 21.08.2019 № 613; 31.12.2020 № 952 қаулыларымен.**

Р/ с	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
	1. "Капитал нарықтарын дамыту" стратегиялық бағыты			

